Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті

ӘӨЖ 621.355.9:546.28:546.34(574) Қолжазба құқығында

АСҚАРҰЛЫ ҚЫДЫР

Литий-ионды аккумулятордың аноды ретінде пайдалану үшін кремний диоксиді негізіндегі материалдарды дайындау және зерттеу

6D072300 – Техникалық физика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы

Отандық ғылыми кеңесші:
Азат Сейітхан
PhD, қауымдастырылған профессор,
ИБЗ жетекшісі,
Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Xintai Su (Шинтай Су)
PhD, профессор,
«Оңтүстік Қытай технологиялық университеті» ҚХР

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

	АНЫҚТАМАЛАР	**4**
	БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	**6**
	КІРІСПЕ	**7**
1	**ЛИТИЙ-ИОНДЫ БАТАРЕЯЛАРДЫҢ ЭЛЕКТРОД МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ АХУАЛЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ**	**12**
1.1	Энергияны сақтау формалары	**12**
1.2	Электрохимиялық энергияны сақтау жүйелері	**12**
1.3	Литий-ионды батареяларды зерттеуге шолу	**14**
1.4	Литий-ионды батареялардың түрлері мен жұмыс принципі	**15**
1.5	Теориялық тұжырымдама	**20**
1.6	Катод материалдары	**21**
1.7	Анод материалдары	**23**
1.7.1	Li негізіндегі анод	**25**
1.7.2	Көміртегі негізіндегі анод материалдары	**25**
1.7.3	Шпинель негізіндегі анод материалдары	**26**
1.7.4	Li-мен қоспаланатын (легирленетін) элементтер негіздегі анод материалдары	**27**
1.7.5	Кремний оксиді негізіндегі анод материалдары	**28**
1.8	Белсенді материалдардың көлемі мен кеуектілігінің рөлі	**31**
1.9	Күріш қауызынан SiO_2 алу	**33**
1.10	Күріш қауызын литий-ионды батареялар үшін C/SiOx алуға пайдалану	**34**
	Бірінші бөлімге қорытынды	**36**
2	**ҮЛГІЛЕРДІ ТӘЖІРИБЕЛІК ЗЕРТТЕУ**	**37**
2.1	Тәжірибе жүргізуге арналған материалдар мен жабдықтар	**37**
2.2	Өлшеу қондырғыларының жалпы сипаттамасы	**37**
2.3	Күріш қауызын термиялық өңдеу арқылы SiO_2 алу	**39**
2.4	Күріш қауызын алдын ала тазалай отырып, термиялық өңдеу арқылы SiO_2 алу	**39**
2.5	Таза SiO_2 алу үшін химиялық өңдеу әдісі	**40**
2.6	SiO_2/C алу технологиясы	**41**
2.7	Жартылай ұяшықтарды алу және жинау технологиясы	**42**
2.8	Ұяшықтардың электрохимиялық сипаттамаларыу алу	**43**
2.9	Күріш қауызын термиялық өңдеу арқылы алынған SiO_2 шығымы	**43**
2.10	Күріш қауызын алдын ала өңдеу арқылы алынған SiO_2 шығымы	**44**
3	**ТӘЖІРИБЕ БАРЫСЫНДА АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ**	**45**
3.1	Тәжірибе барысында алынған мәліметтерді есептеу барысы	**45**
3.2	Бастапқы материалдарды таңдау және олардың физика-химиялық сипаттамалары	**47**
3.3	Күріш қауызын алдын ала өңдеу нәтижелері	**55**
3.4	Химиялық өңдеуден кейінгі нәтижелер	**59**
3.5	SiO_2/C физика-химиялық сипаттамалары	**63**

3.6 Алынған үлгілердің электрохимиялық сипаттамалары **66**
3.7 Заряд және разряд процесі кезіндегі электрод моделі **76**
ҚОРЫТЫНДЫ **79**
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ **81**
А ҚОСЫМШАСЫ **93**
Ә ҚОСЫМШАСЫ **94**
Б ҚОСЫМШАСЫ **95**
В ҚОСЫМШАСЫ **96**
Г ҚОСЫМШАСЫ **98**
Ғ ҚОСЫМШАСЫ **99**

АНЫҚТАМАЛАР

Анод - литий иондары зарядтау және разрядтау процесі кезінде қозғалатын электрод. Батареяны зарядтау процесінде литий иондары катодтан (оң электрод) электролит арқылы анодқа, онда олар анод материалымен химиялық жолмен байланысады. Батарея разрядтау кезінде литий иондары анодтан катодқа қайта ауысады, сонымен бірге электронды құрылғыларды қуаттандыру үшін пайдалануға болатын электр энергиясын босатады.

Катод - заряд процесі кезінде литий иондарын қабылдауға және сақтауға және разряд процесі кезінде оларды шығаруға жауап беретін электрод. Батарея зарядталған кезде литий иондары катодтан алынады және электролит арқылы анодқа өтіп, электрондармен байланысып, литий атомдарын түзеді. Разряд кезінде кері процесс жүреді және литий атомдары электр энергиясын жасау үшін сыртқы тізбек арқылы өтетін электрондарды шығарады.

Электролит - литий иондарының батарея ішіндегі анод пен катод арасында қозғалуына мүмкіндік беретін зат. Электролит литий иондарының заряд пен разряд процесінде өтуіне мүмкіндік беретін иондардың өткізгіші.

Сепаратор - бұл анод пен катодты бөлетін, олардың тікелей жанасуына және батареяның қысқа тұйықталуына жол бермейтін жұқа қалқа. Сепаратор литий мен электролит иондарының еркін өтуіне мүмкіндік бере отырып, анод пен катод арасындағы электрлік оқшаулауды қамтамасыз етеді.

Циклдік вольтаметрия (ЦВА) - электродтар арасындағы потенциалдың өзгеруіне және сәйкес электр тогын өлшеуге негізделген электрохимиядағы тәжірибелік әдіс.

Импеданс (Кедергі) - бұл батарея ішіндегі кедергілердің қосындысы болып табылатын қарсылық өлшемі. Бұл электродтардың, электролиттің және сепаратордың кедергісін қамтиды.

Қатты электролиттік фазааралық қабат (ҚЭФҚ) - литий-ионды батареялардағы электрод бетінде бастапқы заряд пен разряд циклдары кезінде және электрохимиялық реакциялар нәтижесінде пайда болатын жұқа қабат. ҚЭФҚ, электролиттегі литий иондары электрод материалымен әрекеттескенде және электрод бетінде литий тұздарының, органикалық қосылыстардың және бейорганикалық материалдардың қатты қабатымен әрекеттескенде пайда болады.

Композит - бастапқы компоненттермен салыстырғанда жақсартылған қасиеттері бар жаңа материалды қалыптастыру үшін біріктірілген екі немесе одан да көп компоненттерден тұратын материал.

Литий-ионды батарея - бұл қайта зарядталатын электрохимиялық аккумулятордың бір түрі, онда литий ионы зарядтау және разрядтау кезінде электродтар арасында қозғалады, бұл электр зарядының тасымалдануын қамтамасыз етеді.

Литий-ионды батареялардың кулондық тиімділігі - алдыңғы циклдегі батарея сыйымдылығына қатысты әрбір заряд пен разряд цикліндегі батареяның электр сыйымдылығының мөлшерін сипаттайтын көрсеткіш.

Гравиметриялық сыйымдылық - бұл материалдың электр зарядын оның массасына қатысты сақтау қабілетінің өлшемі. Ол материалда сақталған зарядтың оның массасына қатынасы ретінде анықталады.

Батареяның көлемдік сыйымдылығы (нақты сыйымдылық деп те аталады) - литріне ампер-сағатпен өлшенеді ($А*сағ*л^{-1}$) және оның көлемінің бірлігіне батареяда қанша электр энергиясын сақтауға болатындығын көрсетеді. Көлемді сыйымдылықтың мәні неғұрлым жоғары болса, батарея соғұрлым тиімді болып саналады.

«Литий-ионды батарея (ЛИБ)» және «Литий-ионды аккумулятор (ЛИА)» терминдері бір-бірінің орнына қолданылады, бірақ олардың мағынасында шамалы айырмашылық бар. Литий-ионды батарея – литий иондарын тасымалдаушыларды пайдаланатын кез келген батареяны сипаттайтын жалпы термин. Бұл бір аккумулятор немесе параллель жалғанған бірнеше батареялардан тұратын батарея жинағы болуы мүмкін. Литий-ионды аккумулятор – бұл қайта пайдалануға, яғни зарядтауға және зарядтауға арналған батареялар. Әдетте ұялы телефондар, ноутбуктер және планшеттер сияқты портативті құрылғыларда қолданылады.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

БЭТ әдісі	– Брунауэр, Эммет және Тейлор
РФА (XRD)	– Рентгендік фазалық анализ (талдама)
РФА (XRF)	– Рентгендік флюоресцентті анализ (талдама)
EDAX (ЭДРС)	– Энергетикалық дисперсиялық рентгендік спектроскопия
DFT	– Тығыздық функционалының теориясы (density functional theory)
СЭМ	– Сканерлеуші электронды микроскоп
ЖЭМ	– Жарықтандырғыш электронды микроскоп
ЛИБ және ЛИА	– Литий-ионды батарея және Литий-ионды аккумулятор
ҚЭФҚ	– Қатты электролиттік фазааралық қабат
КНТ	– Көміртекті наноталшықтар
КНТ	– Көміртекті нанотүтік
ККНТ	– Көп қабатты көміртекті нанотүтік
КҚ	– Күріш қауызы
SiO_2	– Кремний диоксиді
SiO	– Кремний тотығы
SiO_2/C	– Кремний диоксиді және көміртек негізіндегі композициялық материалы
БК	– Белсендірілген көмір
Si	– Кремний
Li	– Литий
C	– Көміртек
ТГТ (ТГА)	– Термогравиметриялық талдама
ДТГТ (ДТГА)	– Дифференциалды термогравиметриялық талдама
NaOH	– Натрий гидроксиді
HCl	– Тұз қышқылы
H_2SO_4	– Күкірт қышқылы
БМ	– Белсенді материал
ПВДФ/PVDF	– Поливинилиден фториді
NMP	– Н-метилпирролидон
$LiPF_6$	– Литий гексафторофосфаты
ҚК	– Қара күйе (carbon black)
КТ	– Кулондық тиімділік
ЭК (EC)	– Этилен карбонаты
ДЭК (DEC)	– Диэтил карбонаты
ДМК (DMC)	– Диметил карбонаты
мА*сағ*$г^{-1}$	– миллиампер-сағат грамына
мА*сағ*$см^{-3}$	– миллиампер-сағат сантиметр кубына
Вт*сағ*$кг^{-1}$	– ватт-сағат килограмына

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы

Диссертация литий-ионды батареяларда анод материал ретінде қолдану үшін күріш қауызынан кремний диоксиді негізіндегі материалдарды алуға, сондай-ақ алынған материалды өзгерту арқылы литий-ионды батареялардың аноды ретінде қолдану арқылы зерттеуге арналған.

Күріш қауызынан алынған SiO_2 құрамы, бетінің морфологиясы, термогравиметриялық және рентгендік талдаулар жүргізілді. КҚ-н әр түрлі температурада термиялық өңдеу арқылы SiO_2 массалық шығымы пайызбен анықталды. SiO_2 тазалығын арттыру үшін термиялық өңдеуден бұрын және кейін КҚ химиялық өңдеу арқылы тазарту әдістері зерттелді. Алынған SiO_2 көміртекті матрицаға енгізу арқылы өзгертілді. Алынған материалдар ЛИБ анод материалы ретінде зерттелді. SiO_2 материалының тазалығы батареяның анод ретінде жұмыс істеу тиімділігіне әсері зерттелді. Әр түрлі ток тығыздығында аккумуляторлардың сыйымдылықтары тексерілді.

Жұмыстың өзектілігі

Қазіргі уақытта литий негізіндегі батареялар (Li) нарықта қол жетімді ең маңызды сақтау жүйелері болып табылады. Сонымен қатар, олар әлі де белсенді даму сатысында. Жақында литий-ионды аккумуляторларды (ЛИА) көлік құралдары мен стационарлық құрылғылардың тартқыш жүйелері үшін энергия көзі ретінде пайдалану мақсатында әзірлеуге айтарлықтай зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл зерттеулер көлік құралдары үшін де, стационарлық жүйелер үшін де үміт күттіретін нәтижелерге әкелді. Қазіргі уақытта сыйымдылығы жоғары литий-ионды батареялар тек прототиптер түрінде қол жетімді. Батареялардың тиімділігі, өнімділігі және салмағы олардың сипаттамасы мен функционалдығына айтарлықтай әсер ететін маңызды факторлар болып табылады. ЛИБ жоғары энергия тығыздығымен ерекшеленеді, энергияны сақтауға арналған ең тартымды құрылғылардың бірі болып табылады және қазіргі қоғамда маңызды рөл атқарады. Ұялы телефондарда, ноутбуктерде, сандық камераларда, сондай-ақ портативті электроникада қолданылады, өйткені шамамен 102 Вт*сағ*кг$^{-1}$ энергияның нақты тығыздығы оның осы нарықтағы негізгі талаптарын қанағаттандыру үшін жеткілікті. Бұл батареялар сондай-ақ электромобильдер мен стационарлық энергия жинау үшін қуат көзі ретінде пайдаланылады, бірақ қазіргі заманғы ЛИБ, электромобильдер мен энергияны үнемдеудің кең спектрінің қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. Коммерциялық ЛИБ – ғы анодында жиі қолданылатын графиттің теориялық сыйымдылығы 372 мА*сағ*г$^{-1}$ болғандықтан, бұл болашақ үшін жеткіліксіз.

ЛИБ-ғы графит анодтарының негізгі проблемаларының бірі - бұл шектеулі жылдамдық, әсіресе литизация процесі үшін, яғни толық элементтің заряды және электрод бетіндегі литий металының жабылу қаупі, бұл қысқа тұйықталуға немесе тез тозуына және ұяшықтың тез істен шығып қалуына әкелуі мүмкін. Соңғы жылдары жоғарыда аталған мәселелерді шешуде кремний оксиді негізіндегі анодты материалдарды ЛИБ-да практикалық қолдануға көбірек көңіл бөлінуде, өйткені оның жер қыртысында көп мөлшерде болуы, төмен разряд

потенциалының болуы және 1961 мА*сағ*г$^{-1}$ құрайтын жоғары бастапқы қайтымсыз және қайтымды сыйымдылығының болуына байланысты. Сондықтан да, сыйымдылықты арттыру үшін кейбір коммерциялық ЛИБ – да графитпен кремний оксидтері қосылады (әдетте 10% - дан аз).

Ғылыми жұмыстарда SiO_2 негізіндегі анодтар, наноқұрылымды материалдар, жұқа қабықшалар ретінде сипатталған және көміртекті нанобөлшектерді қамтитын көптеген зерттеулер ұсынылды. Ғалымдар сонымен қатар стехиометриялық емес кремний оксидтеріне (SiOx, мұндағы $0 < x < 2$) және кремнийдің оттегіге молярлық қатынасының артуына назар аударды, онда оттегінің аз мөлшері цикл арқылы жоғары өнімділікті қамтамасыз етеді.

Осылайша, ЛИБ үшін жаңа арзан және тиімді анод материалдарды әзірлеу өзекті мәселе болып табылады.

Жұмыстың мақсаты КҚ - нан таза SiO_2 алу параметрлерін анықтау және оларды ЛИБ-ның анодының белсенді материалы ретінде қолдану тиімділігін, сипаттамаларын анықтау болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін келесідей **міндеттерді** орындау қажет:

- Әртүрлі аймақтан алынған КҚ-нан наноөлшемді таза SiO_2 алу әдісі мен оңтайлы режимдерді анықтау.;
- SiO_2 негізіндегі алынған материалдардың ЛИБ-да анод материалы ретінде ең қолайлысын таңдау үшін физика-химиялық және электрохимиялық сипаттамаларын анықтау.;
- ЛИБ электрохимиялық сипаттамаларын жақсарту үшін, алынған SiO_2-ді, көміртекті қабыққа термиялық әдіспен енгізу арқылы зерттеу.;
- Алынған материалдардан CR2032 тиын түріндегі прототипті жартылай ұяшық жинау және электрохимиялық қасиеттерін (әртүрлі ток тығыздығындағы сыйымдылық, тұрақтылық, кулондық тиімділік, ішкі кедергі) зерттеу.

Зерттеу нысандары - ЛИБ-да белсенді анод материал ретінде қолданылатын, құрамында нанобөлшектер мен композиттер болатын КҚ-нан алынған SiO_2 ұнтағы.

Зерттеу пәні - SiO_2 және оның негізіндегі композиттердің физика-химиялық, электрохимиялық (әртүрлі ток тығыздығындағы сыйымдылық, тұрақтылық, кулондық тиімділік, ішкі кедергі) қасиеттері.

Зерттеу әдістері.

Мақсатқа жету үшін қажетті мәселелерді шешуде келесі зерттеу әдістері қолданылды: термогравиметриялық талдау (ТГА), элементтік талдау, рентгендік фазалық талдау (РФТ), сканерлейтін электронды микроскопия (СЭМ), бетінің нақты ауданын анықтау әдісі (БЭТ), жарықтандырғыш электронды микроскоп (ЖЭМ), гальваностатикалық және потенциостатикалық талдау әдісі, циклдік вольтаметрия (ЦВА).

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы:

– Тазалығы 99.7%, меншікті беті 980 м^2*г$^{-1}$ және кеуектерінің орташа мөлшері 0.9 нм болатын КҚ-нан нанокеуекті аморфты SiO_2 алудың параметрлері мен шарттары алынды және алынған SiO_2 белсенді анод материалы ретінде 50 мА*г$^{-1}$ ток тығыздында орташа сыйымдылығы 400 мА*сағ*г$^{-1}$ жететінін көрсетті.

– Алғаш рет КҚ-нан алынған SiO_2 мен сахарозаны карбонизация және графитизация әдісін қолдана отырып, литий-ионды батареялардың аноды ретінде жоғары сыйымдылығы (450 мА*сағ*$г^{-1}$,ток тығыздығы 50 мА*$г^{-1}$) бар SiO_2/C композиттік материалы алынды.

– Алынған SiO_2/C композиттік материал 40 заряд/разряд циклі ішінде тұрақтанып, орташа 450 мА*сағ*$г^{-1}$ максималды сыйымдылыққа жететіні анықталды.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар

1. Литий-ионды аккумулятор ұяшығының аноды ретінде күріш қауызынан алынған нано кеуекті кремний диоксиді, 50 мА*$г^{-1}$ ток тығыздығында 50 цикл бойы кулондық тиімділгі 97% және 400 мА*сағ*$г^{-1}$ электр сыйымдылығына ие.

2. Жартылай ұяшықтың электрофизикалық қасиеттерін арттыру үшін нано кеуекті кремний диоксидін термиялық әдіспен көміртекке енгізу арқылы алынған SiO_2/C композиті, ұяшықтың ішкі кедергісін ~6 кОм-нан ~2 кОм-ге дейін азайтты.

3. Белсенді материалдың қайта құрылымдалу арқасында SiO_2/C композиті, 40 заряд/разряд цикл ішінде, 50 мА*$г^{-1}$ ток тығыздығында, литий-ионды ұяшықтың сыйымдылығын 450 мА*сағ*$г_{-1}$ дейін арттырды, бұл дәстүрлі қолданылатын графиттің сыйымдылығынан 17% - ға артық.

Теориялық маңыздылығы.

Бұл жұмыс био қалдықтардан алынған материалдардың қасиеттерін зерттеу және синтездеу саласындағы түсініктерді және оларды ғылымның әртүрлі салаларында қолдануды кеңейтеді.

ЛИБ үшін жаңа анод материалдарын жасау қазіргі ғылымның ең өзекті тақырыптарының бірі болып табылады. Алынған тәжірибелік деректер ЛИБ үшін тұрақты және жоғары энергияны сақтай алатын анод материалдарын алуға қызығушылық тудырады.

Практикалық маңыздылығы.

SiO_2 синтезінің оңтайлы параметрлері мен шарттары әзірленді, олардың меншікті беті 980 $м^2*г^{-1}$ және кеуектілігі 0,9 нм болатын және алынған материалды химия және металлургия өнеркәсібінде қолдануға болады. Литий - ионды батареяларда тұрақты белсенді анодты материал ретінде қолдану үшін арзан шикізаттан SiO_2/C синтездеу мүмкіндігі көрсетілген. Практикалық маңыздылығы №5144 Қазақстан Республикасы «Күріш қауызынан жоғары таза аморфты кремний диоксидін алу әдісі» (10.07.2020) патентімен бекітілген.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының ғылыми-зерттеу бағдарламаларының жоспарларымен байланысы

Диссертациялық жұмыс «Қазақстан Республикасының инновациялық индустриясын дамыту үшін жаңа композиттік - конструкциялық материалдарды әзірлеу» OR11465430/ПЦФ гранттарын бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде қаржыландырылатын «Сыйымдылығы жоғары литий-ионды аккумуляторлардың анодын алу технологиясы» ғылыми жобасы аясында (2021 – 2022 жж.) және 2022-2024 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыруға арналған конкурс «AP14972926 литий – ионды батареяларды анод ретінде

қолдану үшін жоғары кеуекті құрылымы бар литий-легирленетін материалдарды алу және зерттеу» жобалары аясында орындалды.

Автордың қосқан үлесі

Автордың жеке үлесі диссертациялық жұмыстың барлық бөлімін, соның ішінде: жұмыстың мақсаты мен міндеттерін айқындауды, тәжірибелік жұмыстар жүргізуді, компьютерлік өңдеу және тәжірибе нәтижелерін сандық бағалауды, ғылыми жарияланымдарды талдау және баспаға дайындауды толығымен орындады.

Жарияланымдар

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша 13 ғылыми баспа жұмысы жарияланды, оның ішінде 4 жұмыс республикалық және халықаралық конференцияларда, 4 мақала философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін БҒССҚЕК-і ұсынған ғылыми басылымдарда, 4 мақала Web of Science (Clarivate Analytics, АҚШ) және Scopus (Elsevier, Нидерланды) халықаралық ақпараттық ресурстарына кіретін ғылыми басылымдарда жарияланды.

Web of Science және Scopus халықаралық ғылыми деректер базасына кіретін басылымдарда жарияланған мақалалар:

1. **Kydyr Askaruly**, Alina V. Korobeinyk, Seitkhan Azat, Mukhtar Yeleuov, Azamat Taurbekov, Kainaubek Toshtay, Zhandos Tauanov, Xintai Su. The electrochemical behavior of silica and activated carbon materials derived from the rice husk waste for li-ion cells //Diamond and Related Materials. – 2023. – Т. 133. – С. 109759.(**процентиль 78%, IF 3.806, CiteScore 5.2**) https://doi.org/10.1016/j.diamond.2023.109759

2. **Kydyr Askaruly,** Seitkhan Azat, Zhanar Sartova, Mukhtar Yeleuov, Almagul Kerimkulova, Kalampyr Bekseitova. Obtaining and characterization of amorphous silica from rice husk //Journal of Chemical Technology & Metallurgy. – 2020. – Т. 55. – №. 1. (**процентиль 38%, IF 0.81, CiteScore 1.4)**

3. Kapizov O. Azat, S., **Askaruly, K**., Zhantikeyev, U., Tauanov, Z., Bergeneva, N. S., & Satayeva, A. R. Perspectives of the silicon dioxide production from rice husk in Kazakhstan: an overview //Eurasian Chemico-Technological Journal. – 2020. – Т. 22. – №. 4. – С. 293-285. (**процентиль 31%, IF 1.222, CiteScore 1.3**) https://doi.org/10.18321/ectj993

4. Azat, S., Sartova, Z., Bekseitova, K., & **Askaruly, K**. Extraction of high-purity silica from rice husk via hydrochloric acid leaching treatment //Turkish Journal of Chemistry. – 2019. – Т. 43. – №. 5. – С. 1258-1269. (**процентиль 38%, IF 1.222, CiteScore 1.7)** https://doi.org/10.3906/kim-1903-53

ҚР БҒМ БҒССҚЕК ұсынған басылымдарда жарияланған мақалалар:

1. **Асқарұлы Қ**., Азат С., Шинтай Су, Жақсылық Н. Таза кремний тотығын күріш қауызының күлінен синтездеу және оның сипаттамалары. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті хабаршы Экология сериясы. 2019 ж. Алматы қ., 69-77 бет. ISSN 1563-034X; eISSN 2617-7358. Индекс 75880; 25880

2. **K. Askaruly**, Zh. Sartova, S. Azat, M. Yeleuov, A. Tauyrbekov. Assessment of synthesis methods of SiO_2 produced from rice husk and its main physicochemical characteristics. Горение и плазмохимия 16 (2018) 186-194

3. **Askaruly K**., Azat S., Yeleuov M., Azamat T., Sarsembaeva B. The modern anode with high capacity for li-ion batteris. Вестник Алматинского университета энергетики и связи. No4(6) (43)2018. 7-13 стр.

4. **К. Аскарулы**, С. Азат, М. Елеуов, А.Р.Керимкулова, У.Н. Жантикеев, А.Е. Бердиханов. Получение оксида кремния из рисовой шелухи методом термической обработки. Горение и плазмохимия. Т. 17. №3, с. 178. 2019.

Халықаралық, республикалық конференциялар мен симпозиумдарда жарияланымдар:

1. ЖАС ҒАЛЫМДАР МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ. 79 бет. Алматы, Қазақстан, 2022 жылдың 6-8 сәуір ISBN 978-601-04-5945-8 (Алматы, Қазақстан)

2. The 8th International Conference on Nanomaterials and Advanced Energy Storage Systems; Nazarbayev University; National Laboratory Astana; Institute of Batteries, p. 38, 6 August, 2020 | (Nur-Sultan, Kazakhstan)

3. СТУДЕНТТЕР МЕН ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ «ХИМИЯЛЫҚ ФИЗИКА ЖӘНЕ НАНОМАТЕРИАЛДАР» АТТЫ IV КОНФЕРЕНЦИЯСЫ. 19 бет. 2019. (Алматы, Қазақстан)

4. XI International Symposium «COMBUSTION and PLASMOCHEMISTRY» November 20-22, 2019, pp. 13-16. (Алматы, Қазақстан)

Пайдалы модельге патент

Пайдалы модельге патент №5144 Қазақстан Республикасы «Күріш қауызынан жоғары таза аморфты кремний диоксидін алу әдісі» (10.07.2020).

Алынған нәтижелердің дұрыстығы мен негізділігі

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің дұрыстығы зерттеудің заманауи физика-химиялық әдістерінің кешенін қолдана отырып алынған мәліметтердің дәйектілігімен расталады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының зертханасы және «Жану проблемалары институты» ШЖҚ РМК зертханаларында орындалды.

Жұмыс көлемі мен құрылымы

Диссертациялық жұмыс 99 беттен, 55 сурет пен 9 кестеден тұрады. Жұмыс кіріспеден, әдебиеттерге шолудан, зерттеу объектілері мен әдістерін сипаттаудан, оларды талқылаудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен 152 атаудан және 7 қосымшадан тұрады.

1 ЛИТИЙ-ИОНДЫ БАТАРЕЯЛАРДЫҢ ЭЛЕКТРОД МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ АХУАЛЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ


1.1 Энергияны сақтау формалары

Энергияны жылу, механикалық энергия, химиялық энергия, электр немесе магниттік энергия сияқты әртүрлі формаларда сақтауға болады [1]. Дегенмен, энергияны сақтаудың барлық түрлері техникалық тұрғыдан қолайлы емес. 1.1-суретте энергияны сақтаудың ықтимал нысандарының қысқаша тізімі берілген [2].

Кейбір энергияны сақтау жүйелері коммерциялық мақсатта пайдаланылады. Олар құны, қол жетімділігі және сенімділігі жағынан жақсы дәлелденген [3,4]. Электр желілерінде энергияны жинақтау үшін бүгінде гидравликалық аккумуляторлар мен қосалқы аккумуляторлар, соның ішінде суперконденсаторлар, псевдоконденсаторлар қолданылады [5,6,7].

Көлік құралдарының қозғалысына арналған электр энергиясы әдетте қайта зарядталатын батареяларда жинақталады немесе бортында отын элементтерінен өндіріледі. Ішкі жану қозғалтқыштарымен жұмыс істейтін көлік құралдарын біріктіру үшін маховиктер мен конденсаторларды қолдану қарастырылуда [8,9]. Дегенмен, қазіргі уақытта гибридті және таза электрлік көліктерде қолдану үшін электрохимиялық энергия көздерін әзірлеу үшін маңызды күш жұмсалуда [10].

Энергияны сақтау әдісі қолжетімді кіріс энергиясына, болжамды сақтау уақытына және энергия сақталатын қолайлы пішінге байланысты таңдалады. Энергияны сақтау әдістерін қуат, жинақталған энергия және әдеттегі пайдалану уақыты мен өзін-өзі разрядтау арқылы ажыратуға болады [11].




1.1-сурет. Баламалы энергия көздерінде қолданылатын энергияны сақтаудың кең таралған түрлерінің жіктелуі [11]

1.2 Электрохимиялық энергияны сақтау жүйелері

Баламалы көздерден алынатын электр энергиясы болашақта энергия қажеттіліктерін қанағаттандыруға және таза энергияға көшуіне үлкен мүмкіндіктер ашады. Алайда өндірілетін электр энергиясының тәулік бойы пайдаланылуы тиімді сақтауға байланысты [12]. Электр энергиясын сақтаудың тиімді жүйесі (ЭСТЖ) электр жүйесіне негізделген электр энергиясын коммерциялық және тұрмыстық пайдаланудың негізі болып табылады.

Сондықтан перспективасы зор ЭСТЖ-ін дамыту энергияның артып келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру және ЭСТЖ энергия көздерінің циклдік деңгейін тиімді теңестіру үшін өте маңызды [13]. Батареялар 200 жылдан астам уақыт бойы ЭСТЖ кеңінен қолданылып келеді және қолданыла береді. Қатты оксидті отын элементтері (ҚООЭ), электрохимиялық конденсаторлар (ЭК), асқынөткізгішті магниттік энергия сақтау құрылғылары (АМЭСҚ), маховиктер және электростатикалық конденсаторлар (диэлектрлік конденсаторлар) энергияны сақтаудың кең таралған технологиялары болып табылады [14,15,16,17].



1.2 -сурет. Энергияны сақтау жүйелеріне арналған Рагон графигі [18].

Энергияны сақтайтын құрылғылар энергия мен қуаттың жоғары тығыздығымен сипатталады [19]. ЭСТЖ үшін сақтаудың технологиялық маңызды үміткерлерді сақтау тиімділігін салыстырумен 1.2-суретте көрсетілген рагон графигі арқылы жүзеге асыруға болады, ол ЭСТЖ-нің күйін олардың энергия тығыздығы мен қуатына сәйкес көрсетеді. Көріп отырғаныңыздай, ҚООЭ мен батареялар төмен қуат тығыздығында жоғары энергия тығыздығын көрсетеді, ал диэлектрлік конденсаторлар қарама-қарсы әрекетті көрсетеді, яғни жоғары қуат тығыздығы және төмен энергия тығыздығын көрсетеді. АМЭСҚ және маховик орташа қуат пен энергия тығыздығына ие. Жоғары қуат пен энергия тығыздығынан басқа, ЭСТЖ үшін шешуші фактор заряд/разряд жылдамдығы болып табылады. ҚООЭ/батареяларда энергияны сақтау және жеткізу, химиялық реакция процесіне негізделген және 1-ден 100 сағатқа дейін созылуы мүмкін. Диэлектрлік конденсаторлар әдетте мкм-ден мс-қа дейін жылдам зарядтау/разряд жылдамдығын көрсетеді, ал ЭК, маховиктер және АМЭСҚ үшін ол 1 секундтан 1 сағатқа дейін созылады. Диэлектрлік конденсаторлардың жылдам заряд/разряд жылдамдығы жинақталған электр өрісінің әсерінен салыстырмалы түрде аз ауыр байланысқан зарядтардың

бөлінуіне байланысты. Қорытындылай келе, ЭСТЖ-не секілді бір уақытта жоғары қуат пен энергия тығыздығы жоқ деп айтуға болады. Демек, әрбір үміткердің ЭСТЖ ретінде технологиялық жарамдылығы соңғы талаптармен анықталуы мүмкін [20].

1.3 Литий-ионды батареяларды зерттеуге шолу

Батареялар мен конденсаторлар қазіргі уақытта портативті электроникада кеңінен қолданылады. Литий-ионды аккумуляторлар әлемдегі энергияны сақтаудың ең танымал түрлерінің бірі болып табылады, олар 2015 жылы орналастырылған энергия сақтау жүйелерінің 85,6% құрайды [21]. ЛИА энергияның ең жоғары көлемді және гравиметриялық тығыздығын, сондай-ақ ұзақ қызмет ету мерзімін қамтамасыз етеді [22]. Жоғары заряд-разряд жылдамдығы, жоғары қайтымды қасиеттері заманауи электроника үшін ең жақсы таңдау жасады. ЛИА өнімділігін жақсарту мақсатында ауқымды зерттеулер жүргізілуде, өйткені олар портативті электроникада кеңінен қолданылады. Энергияның тығыздығы мен қызмет ету мерзімінің жоғарылауы оларды электронды көліктерде пайдалану үшін анағұрлым қажет [23,24,25].

ЛИА алғаш рет портативті электроникада қолданылған. Жапониядағы Sony компаниясы ЛИА-ды нарыққа шығарды. Sony Walkman — портативті аудио ойнатқышқа энергияны тиімді сақтау батареяларды іздеді, оны қалтаға салып, өзімен бірге серуенге алып жүруге ыңғайлы болуын қарастырды [26]. Сол уақытта, қолжетімді батареяларды табу қиындау болды және олардың көпшілігі қайта зарядталмайтын еді. Жаңадан ойлап табылған ЛИА нарықты өзгертті. Содан бері портативті құрылғыларда қолдануға жеткілікті жеңіл батарея пайда болды. ЛИА-ның тағы бір маңызды артықшылығы оның қызмет ету мерзімі болды. Оны қайта зарядтауға және разрядтауға болады [27]. ЛИА-ның қызмет ету мерзімі көптеген факторларға байланысты, соның ішінде қоршаған орта температурасы, заряд және разряд жиілігі, разряд тереңдігі және зарядтау тогы. Алайда, жалпы алғанда, ЛИА қызмет ету жағынан бірнеше жылдан он жылға дейін немесе одан да көп уақытқа созылуы мүмкін.

70-ші жылдары баламалы энергия көздеріне деген қызығушылықтың күрт өсуі байқалды, соның ішінде мұнай мен газ бағасының өсуі, энергия импортына тәуелділіктің артуы және дәстүрлі энергия көздерін пайдаланудың экологиялық салдары әсер етті [28]. Осы кезеңде күн энергетикасы, жел энергетикасы, геотермалдық энергетика және басқа да технологиялар саласындағы алғашқы ірі жобалар басталды. Тұтастай алғанда, 70-ші жылдары баламалы энергия көздері саласында көптеген жаңа жаңалықтар мен тәжірибелер өткізілді, және бұл осы технологияларды дамытудың және тұрақты энергетикалық жүйенің ауысуына ықпал етудің маңызды кезеңі болды.

Сондай-ақ, батареяларды зерттеу саласына сапалы және пайдалы батареяларды жасау үшін уақыт пен ақша жұмсалды. Батареялар – химиялық құрылғылар, сондықтан Менделеев кестесіндегі периодтық жүйе батареяның жұмысын жақсартатын оңтайлы материалды табудың жақсы бастауы болды. Периодтық жүйедегі барлық металдардың ішіндегі ең жеңіл металл -литий осы процестің нәтижесіне айналды. Бұл ізденістің мақсаты - аз көлемді және аз

салмақты аккумуляторға мүмкіндігінше көп энергияны сақтау болды, ал гипотеза бойынша литий негізіндегі аккумуляторды өте жеңіл етіп жасауға болады немесе өте жоғары энергия тығыздығына ие болатын еді.

Көптеген жылдар бойы мобильді компьютерлер мен сымсыз байланыс сияқты портативті жабдық үшін жалғыз қолайлы батарея никель-кадмий (NiCd) болды [29]. Литий батареялары бойынша алғашқы жұмыс 1912 жылы басталды. Ағылшын химигі Стэнли Уиттингем өздігінен уақтылы зарядталатын жаңа батарея тұжырымдамасымен жұмыс істей бастады. Ол болашақта қазба отынсыз энергияға әкелуі мүмкін деп үміттенді. Уиттингем металл Li және титан дисульфидін электродтар ретінде қолдануға тырысты, бірақ бұл батареялардың қысқа тұйықталуына және өртке әкеліп соқтырды, бұл тәжірибенің қауіпсіздігіне алаңдаушылық туғызды [30].

1980 жылдары Джон Гуденаф литий-кобальт оксидін катод ретінде қолдану арқылы эксперимент жүргізуге шешім қабылдады, бұл энергия потенциалын екі есеге арттырды. Бұл Акира Йошиноны құрамында көміртегі бар материал - мұнай коксын қолданатын экспериментке алып келді, нәтижесінде батарея литий металсыз айтарлықтай қауіпсіз болды деген қорытындыға келді. Бұл ЛИА-ның дамуының бастамасы болды [31,32], сондай-ақ арнайы техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді және жанармай құюды қажет етпейді, бір стандартты зарядтау жеткілікті. Сонымен қатар, ұяшықтар электр құралдары сияқты қосымшалар үшін өте жоғары токты қамтамасыз етуге бейімделуі мүмкін және жад эффектісі жоқ, бұл ішінара зарядтау/разряд циклдерін тудыратын зиянды процесс, нәтижесінде батарея төмен сыйымдылықта қалады [33,34]. Олардың құрамында улы кадмий (Cd) жоқ, яғни оларды NiCd батареяларымен салыстырғанда оңай жоюға болады [35,36].

Химия саласы бойынша 2019 жылы Нобель сыйлығы Джон Б.Гуденаф, М. Стэнли Уиттингем және Акира Йошиноға ЛИА-ның дамуына қосқан үлесі үшін берілді. Бұл қайта зарядталатын батарея ұялы телефондар мен ноутбуктер сияқты сымсыз электрониканың негізін қалады [37]. Бұл сонымен қатар әлемді қазба отынсыз қуаттауға әкелді, өйткені ол электромобильдерді қуаттандырудан бастап жаңартылатын көздерден энергияны сақтауға дейін қолданылады.

2020 жылдың қорытындысы бойынша жеткізілген батареялардың жиынтық сыйымдылығы тұрғысынан электромобильдерге арналған әлемдік аккумуляторлар нарығының көлемі 21% - ға, 142,8 ГВт*сағ дейін өсуді көрсетті. Мұндай өнімдердің ірі өндірушілерінің қатарында CATL, LG Energy Solution (LG Chem еншілес компаниясы), Panasonic кірді, мұны SNE Research консалтингтік компаниясының деректері дәлелдейді.

Зерттеулерге сәйкес, Азия-Тынық мұхиты 2020 жылы аккумулятор өндірісінде абсолютті көшбасшы болды. Ең жақсы өсімді LG Energy Solution 172% - ға, Tesla және Volkswagen Group-пен ынтымақтастықтың арқасында 33,5 ГВт*сағ дейін көрсетті.

1.4 Литий-ионды батареялардың түрлері мен жұмыс принципі

ЛИА пішіндері мен өлшемдері бойынша әртүрлі болып келеді. Литий батареяларының атаулары оларда қолданылатын белсенді материалдармен

байланысты болып келеді. Мысалы, литий-кобальт оксиді ($LiCoO_2$) — LCO, литий-марганец оксиді ($LiMn_2O_4$) — LMO, литий, никель, марганец, кобальт оксиді ($LiNiMnCoO_2$) — NMC, литий-темір-фосфат ($LiFePO_4$) — LFP, литий-никель-кобальт-алюминий оксиді ($LiNiCoAlO_2$) - NCA, литий титанаты (Li_2TiO_3) - LTO және әрқайсысының өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар, сондай-ақ ең қолайлы қолданбалары бар [38]. Бұл қайта зарядталатын батареялар көбінесе төрт түрге ие: тиын, цилиндр, призма және қалта элементтері (1.3 - сурет).



а - цилиндр, ә - тиын, б – призма, в- қалта элементтері және г - ЛИБ -ды әртүрлі салаларда қолдануы

1.3-сурет. Қайта зарядталатын батареялардың типтік конфигурацияларының сызбанұсқалық көрінісі [39].

ЛИА үшін жаңа, қауіпсіз, арзан және экологиялық таза материалдарды әзірлеу портативті электронды құрылғылар мен электромобильдердің техникалық прогресінің ажырамас бөлігі болып табылады. Жоғары сыйымдылық, қуат және циклдің тұрақты жұмысы сияқты талаптарды қанағаттандыру үшін анод жағдайында графитке қарағанда жоғары сыйымдылығы бар литий-қоспаланатын материалдарды іздеу бойынша әртүрлі зерттеулер жүргізілуде (LiC_6 графитінің теориялық сыйымдылығы 372 мА*сағ*$г^{-1}$) [40]. Сондықтан литий-ионды батарея үшін басқада қосымша жер бетінде көп мөлшерде болатын прекурсорларды қолдану және электродтар мен электролит материалдары сияқты аккумулятордың әртүрлі компоненттерін дайындау кезінде экологиялық таза синтетикалық әдістерді қолдану қажет болады. Энергияның электрохимиялық жинақталуын жақсарту қазіргі заманның ең сұранысқа ие міндеттерінің бірі болып табылады. Жаңа батарея материалдарын табу өнімділікті арттыруға және қолданыстағы жаңа, экологиялық таза батареялардың құнын төмендету мәселесі оңайға соқпайды. Бұл мәселелердегі жетістік, біріншіден, қолданыстағы батареялардың орнында тестілеу мен көріністің жаңа әдістерін тексеру арқылы қолданылатын материалдар мен компоненттердің негізгі химиялық құрамын түсінуді талап етеді. Тәжірибелік және теориялық әдістерді бірлесіп қолдану «батареялар қалай

жұмыс істейді және олар неге істен шығады?» деген сұраққа байланысты туындайтын көптеген мәселелерді түсінуге жоғары бейімділікті көрсетті [41].

Ғалымдар электрохимиялық элементтерде жиналатын энергия мөлшерін арттыру мақсатында электродтар мен электролиттерге арналған жаңа материалдарды табуға үлкен күш жұмсады [42]. Аккумулятордың энергия тығыздығы гальваникалық элементтің тепе-теңдік кернеуінің (Vo) сыйымдылығына (C) анод пен катод арасындағы зарядтың салмақ бірлігіне қайтымды тасымалдануының көбейтіндісімен анықталады (А*сағ*г$^{-1}$, гравиметриялық энергия тығыздығы) немесе көлем бірлігіне (А*сағ*см$^{-3}$, энергияның көлемдік тығыздығы). Жалпы мақсаты, бөлшектердің тығыз морфологиясы және электртерістігінің үлкен айырмашылықтары бар жеңіл элементтердің химиялық тотығу-тотықсыздану жұптарын таңдау арқылы C және Vo максимизациясы арқылы жүзеге асырылады. Нәтижесінде қайта зарядталатын батареялардың аноды, катоды және электролиті бар күрделі жүйелер болып табылады, олар жұмыс кезінде үнемі құрылымдық және химиялық өзгерістерге ұшырайды. Осы үш компоненттің ең жақсы комбинациясын табу кез келген электрохимиялық процестің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын электрод-электролит интерфейсімен байланысты зиянды реакцияларды азайту үшін бар және жаңа электрод материалдарын таңдамалы пайдалану және электролиттердің дұрыс комбинациясы арқылы ғана қол жеткізуге болады [43].

Мысалы, ең көп қолданылатын анодты материал-графит, ал катодты материал-литий металл оксиді ($LiMO_2$). Зарядтау/разрядтау кезінде электродтардағы қайтымды реакцияларды келесі мысалдан (1,2,3) көрсетуге болады [44]:

$$\text{Анод} \quad C_y + xLi^+ + xe^- \leftrightarrows Li_xC_y \qquad (1)$$


$$\text{Катод} \quad LiMO_2 \leftrightarrows xLi^+ + xe^- + Li_{(1-x)}MO_2 \qquad (2)$$

$$\text{Жалпы} \quad C_y + LiMO_2 \leftrightarrows Li_xC_y + Li_{(1-x)}MO_2 \qquad (3)$$

Электролит әдетте Li тұзында еріген циклдік және сызықтық алифатты карбонаттардың қоспасы болып табылады (мысалы, этилен карбонаты және диметилкарбонат). Қолжетімді тұздардың ішінде литий гексафторофосфаты ($LiPF_6$) жиі қолданылады. Сепаратор әдетте полимерлі мембранадан (полиэтилен, полипропилен немесе олардың қоспасы) немесе тоқыма емес материалдан (полиолефин, полиамид және т.б.) тұрады [45].


Литий-ионды батареялар екі электродтан тұрады. Оң электрод (катод) ток көзі ретінде қызмет ететін алюминийден (Al), ал теріс электрод (анод) мыс (Cu) ток тұтынушысы ретінде қызмет етеді. Бұл екі электрод электролитке-сұйық немесе қатты иондық өткізгіш ортаға малынған сепаратор деп аталатын жұқа электронды оқшаулағыш қабатпен бөлінген. Зарядтау процесінде (анодты ток беру кезінде) литий (Li^+) иондары катодтан бастапқыда сепаратор/электролит

арқылы қозғалады және анод материалының құрылымына енеді. Бұл катодтың тотығатынын білдіреді. Сонымен қатар, катодтан шыққан электрондар анодты тотықсыздандыру үшін сыртқы тізбек арқылы өтеді. Бұл процесс разряд кезінде автоматты түрде кері әрекетке ауысады, бұл 1.4-суретте көрсетілгендей энергия ағынын қамтамасыз етеді.



1.4-сурет - а) анод материалы ретінде графитпен және катод материалы ретінде $LiCoO_2$-мен қайта зарядталатын ЛИБ жұмыс принципін бейнелейтін сызбанұсқа. (ә) $LiCoO_2$ және графиттің гальваностатикалық заряд/разряд қисықтары литий металымен бірге қарсы-электрод және салыстыру электроды ретінде өлшенуі (жартылай элемент конфигурациясы). [46]

Тотығу-тотықсыздану реакциясы екі материалдың (тотығу-тотықсыздану жұбы) химиялық потенциалының айырмасы ретінде көрсетілген ΔG бос энергиясының өзгеруімен қамтамасыз етіледі; осылайша әрбір электронның энергиясы $\mu a - \mu c = V_o$ тең (1.5-сурет). Зарядтың бейтараптығын сақтау үшін электронды тасымалдау анодтан катодқа катиондар ағынымен бірге жүреді. Қолданылатын кернеу болмаған жағдайда химиялық потенциал (μ) және электрохимиялық потенциал (μ) эквивалентті болады; алайда реакцияны өзгерту үшін потенциал беріледі және сәйкес термодинамикалық шама $\mu = \mu + zF\varphi$, мұндағы z - ионның заряды, F - Фарадей тұрақтысы, ал φ - қолданылатын потенциал [47].



1.5-сурет. Электродтардың химиялық потенциалымен салыстырғанда органикалық электролиттің ең жоғары бос емес молекулалық орбиталын (HOMO) және ең төменгі бос молекулалық орбиталын (LUMO) көрсететін энергетикалық диаграмма [48].

Сілтілік металл иондарының кристалдық құрылымдарға қайтымды электрохимиялық интеркаляция құбылысы (мысалы, қола, графит) 1970 жылдары енгізілді [49]. Сонымен қатар, ол қазіргі уақытта литий-ион технологиясы негізінде қайта зарядталатын батареяларды әзірлеудің негізін салды.

ЛИБ электродтарының материалдарын зерттеу көбінесе литий жартылай ұяшықтарының конфигурацияларында жүргізіледі [50]. Осы мақсатта литий металы қолданылады, өйткені ол тұрақты потенциалын қамтамасыз етіп және үлкен сыйымдылығына 3860 мА*сағ*$г^{-1}$ ие, бұл сыйымдылықтың өте үлкен қорын қамтамасыз етеді, осылайша жұмыс электродындағы реакциялар электродқа қарсы сыйымдылықпен шектелмейді [51]. Осылайша, литий жартылай ұяшығындағы литий-ионды аккумулятор электродтарының сипаттамасы материалдардың өзіндік электрохимиялық қасиеттерін зерттеу үшін өте пайдалы, бірақ ол коммерциялық мақсатта қолданылатын ЛИБ аноды және катодынан тұратын толық элементтердің әрекетін тікелей болжауға мүмкіндік бермейді.

1.1 Кесте. Литий-ионды аккумуляторлардың жеке жүйелері [55]

Жүйе	NCA – Графит	LFP – Графит	MS – TiO	MNS – TiO	MN- Графит
Электродтар Оң Теріс	$LiNi_{0.8}Co_{0.15}Al_{0.05}$ Графит	$LiFePO_4$ Графит	$LiMn_2O_4$ $Li_4Ti_5P_{12}$	$LiMn_{1.5}Ni_{0.5}O_4$ $Li_4Ti_5O_{12}$	$Li_{1.2}Mn_{1.5}Ni_{0.5}O_4$ Графит
Сыйымдылық, мА*сағ/г Оң Теріс	 155 290	 162 290	 100 170	 130 170	 275 290
Кернеу, 50% SOC	3.6	3.35	2.52	3.14	3.9
ASI 10-с Pulse Ом-$см^2$	25	25	9.2	100	25
Қауіпсіздік	Орта	Жақсы	Өте жақсы	Өте жақсы	Өте жақсы
Жұмыс істеуі	Жақсы	Жақсы	Өте жақсы	Белгісіз	Белгісіз
Бағасы	Орта	Орта	Бюджеттік	Орта	Орта
Мәртебесі	Пилоттық	Пилоттық	Жақсартылуда	Зерттелуде	Зерттелуде

Толық ұяшықта екі электродты ұқсас ету үшін катод пен анодтың сыйымдылығын теңестіру арқылы жасалады. Атап айтқанда, коммерциялық литий-иондық элементтер графит анодының литий жабынының алдын алу мақсатында катодтарға қарағанда біршама жоғары сыйымдылыққа ие (шамамен 10%) анодтармен жасалады (1.1-кесте) [52]. Сондықтан, элементті зарядтау кезінде элементтің толық сыйымдылығы катодпен шектеледі. Алайда, бұл заряд процесінде анодқа шектеулі сыйымдылық енгізіледі, сондықтан келесі разряд кезінде элементтің толық сыйымдылығы анодпен шектеледі. Сонымен қатар,

заряд кезінде сыйымдылықты тұтынатын жағымсыз реакциялар пайда болатындықтан (мысалы, графитте фазааралық қатты электролиттің түзілуі) [53], разрядқа қол жетімді сыйымдылық зарядқа жұмсалған сыйымдылықтан аз. Бұл жағымсыз реакцияларға байланысты сыйымдылықтың жоғалуы (әдетте «циклдік литийдің жоғалуы» деп аталады) және ол аз дәрежеде болса да, кейінгі циклдарда жалғасады және шын мәнінде сыйымдылықты жоғалтудың басым механизмі болып табылады [54].

1.5 Теориялық тұжырымдама

ЛИБ және батареяның кез-келген басқа түрінің теориялық молярлық сыйымдылығы электрохимиялық реакцияға қатысатын электр энергиясының мөлшерімен (4 теңдеу) анықталады, мұндағы *x*-электроактивті бөлшектердің моль саны, n-реакция кезінде бір мольге берілген электрондар саны, ал F-Фарадей тұрақтысы (96485 Кл*моль$^{-1}$):

$$Q_{\text{зар}} = x * n * F \qquad (4)$$

Сыйымдылық әдетте электроактивті компоненттің меншікті салмағымен немесе массасымен көрсетіледі (гравиметриялық сыйымдылық). Гравиметриялық сыйымдылық жағдайында электроактивті компоненттің массасын есептеуге болады және келесі теңдеумен (5 теңдеу) анықталады:

$$M=x*M_r \qquad (5)$$

M-ұяшықтағы электроактивті бөлшектердің массасын, ал *Mr*-сол бөлшектердің молекулалық массасын білдіреді. Гравиметриялық сыйымдылық бірліктері әдетте А*сағ*кг$^{-1}$ немесе мА*сағ*г$^{-1}$ түрінде көрсетіледі (6 теңдеу) және көбінесе меншікті сыйымдылық деп аталады [56]:

$$C_{мен.сыйым.} = n*F/(3600* M_r) \qquad (6)$$

Белгіленген масса ЛИБ-ның соңғы массасына, оның ішінде барлық белсенді емес компоненттерге қатысты болуы мүмкін, мысалы, сырты, электролит, байланыстырғыш, ток түсіргіштер және т.б. дегенмен, бұл жұмыста нақты сыйымдылықтар әрқашан тек электроактивті бөлшектердің массасына қатысты болады. Меншікті сыйымдылықты электроактивті компоненттің нақты массасына көбейту арқылы берілген элементтің «номиналды сыйымдылығы» деп аталады. Нақты литий-ионды аккумуляторда бұрын айтылған белсенді емес компоненттердің жаппай үлесіне байланысты теориялық толық сыйымдылықты жүзеге асыру мүмкін емес. Сонымен қатар, литий-ионды аккумуляторда болатын электрохимиялық реакциялар әрдайым белсенді материалдың болмауынан болатын шығындармен, жағымсыз реакциялармен, әсіресе электрод/электролит интерфейсінде және электронды өткізгіштік жолдарындағы шығындармен бірге жүреді.

Сыйымдылық жоғарыда аталған асқын кернеулер мен омдық шығындарға байланысты литий-ионды аккумулятор ұяшығын зарядтау және зарядсыздандыру үшін қолданылатын ток күшіне қатты тәуелді болуы мүмкін, бұл жоғары ток жылдамдығында көп болады.

Энергияның меншікті тығыздығын ұяшықтың жұмыс кернеуінің және меншікті сыйымдылықтың көбейтіндісін I ток пен U кернеуінің көбейтіндісін уақыт бойынша біріктіру арқылы есептеуге болады (7):

$$E = \int UIdt \quad (7)$$

Энергия тығыздығынан басқа, аккумулятордың тағы бір маңызды параметрі, әсіресе автомобиль қосымшалары үшін, қуат тығыздығы болып табылады, ол меншікті салмаққа немесе көлемге де қатысты болуы мүмкін. Гравиметриялық меншікті қуат-бұл элементтің масса бірлігіне алуға болатын қуат және негізінен Вт*кг$^{-1}$ түрінде көрсетіледі. Батареяның қуатын ұяшықтың кернеуін токпен біріктіру арқылы (8) есептеуге болады [57]:

$$P_{\text{қуат}} = \int UI \qquad (8)$$

ЛИБ-да кулондық ПӘК (КТ), ол заряд (Q заряд) және разряд (Q разряд) процесінде берілетін Q зарядының үлесімен анықталады (9). КТ көп жағдайда энергия тиімділігімен салыстырғанда 100% - ға әлдеқайда жақын, өйткені ол ұяшық кернеуін және мүмкін болатын асқын кернеулерді ескермейді:

$$\text{КЭ} = \frac{Q_{\text{разряд}}}{Q_{\text{заряд}}} \qquad (9)$$

КТ көбінесе белсенді материалдар, байланыстырғыштар немесе электролиттер сияқты жаңа батарея компоненттерін бағалаудағы маңызды параметр болып табылады, өйткені ол батарея ұяшығының Li^+ қайтымды жинақталу тиімділігін көрсетеді және сонымен қатар жағымсыз реакциялардың немесе басқа қайтымсыз реакциялардың (процестердің) әсерін тиімді көрсетеді.

1.6 Катод материалдары

ЛИБ-дағы катод материалы барлық литий иондарының негізгі және белсенді көзі болып табылады [58]. Оң электродқа материалдың таңдалуы қайта зарядталатын батареяларға байланысты. Li-металл, қайта зарядталатын литий батареяларында пайдаланылған кезде теріс электрод ретінде әрекет етеді, сондықтан оң электродты литизациялаудың қажеті жоқ. Литий-ион жағдайында теріс ретінде әрекет ететін графит электродында литий болмағандықтан, оң терминал литий көзі ретінде әрекет етуі керек; сондықтан ұяшықты құрастыру үшін интеркаляциялық қосылыс қажет [59]. Ең көп таралған катод материалдары - $LiCoO_2$, LiMnO, $LiFePO_4$ және литий қабатты металл оксидтері (1.2-кесте).

1.2-кесте. Катод материалдардың кейбір параметрлері [60]

Электрод материалдары	Номиналды кернеу (В)	Теориялық меншікті сыйымдылық ($мА*сағ*г^{-1}$)	Практикалық разряд сыйымдылығы ($мА*сағ*г^{-1}$)	Практикалық меншікті энергия ($Вт*сағ*кг^{-1}$)
$LiCoO_2$	3.6	274	145	520
$LiMn_2O_4$	3.9	148	105	410
$LiFePO_4$	3.4	170	155	540
$LiNiIO_2$	4.0	274	160	640


1991 жылы қабатты $LiCoO_2$ оксидін катод материалы ретінде қолдану алғашқы коммерциялық ЛИБ -ның пайда болуына әкелді [61]. Қабатты оксидті катод материалдары үшін энергия тығыздығының жоғарылауы қабатты құрылымдардан көбірек литий иондарын алуды білдіреді, бірақ бұл фазалық түрлендірумен бірге жүреді, және, сайып келгенде, батареялардың жұмысын нашарлатады. Оксидті катодты материалдарды ғылыми зерттеу $LiCoO_2$ катодты материалдардағы қажетсіз құрылымдық өзгерістерді қоспаландыру арқылы азайту тиімді стратегияларының бірі болуы мүмкін екенін көрсетті. $LiCoO_2$ материалы Mg-мен қоспаланған кезде, таза $LiCoO_2$-ге қарағанда жақсы циклдік өнімділікті көрсетеді [62]. $LiCoO_2$ материалын Zr-мен қоспа жасау тәжірибелік зерттеуі кезінде катод материалдардың циклдік тұрақтылығын ғана емес, сонымен қатар заряд пен разряд кезінде Li иондарының қозғалғыштығын жақсартатынын көрсетті.

LiMnO-ғасырлар бұрын пайда болған ең көне қосылыстардың бірі; ол әлі күнге дейін кеңінен қолданылады. Оның алғашқы қолданылуы деполяризатор болды. Ол оңай қол жетімді, құны төмен және қажетті электрохимиялық қасиеттерге ие [63]. Қымбат және улы LiCoO-мен салыстырғанда және LiNiO LiMn өндірісінің күрделілігімен салыстырғанда батареялар үшін ең көп қолданылатын материал болып табылады. Оның әртүрлі формалары оны кішкентай гелий мен литий иондарының интеркалациясы үшін өте қолайлы етеді.

$LiFePO_4$ тегіс разрядты үстіртке (плато) ие және орташа сыйымдылығы 150-160 $мА*сағ*г^{-1}$ тең [64]. Олар улы емес және батареяның қызмет ету мерзімі ішінде сыйымдылықтың шамалы төмендеуін көрсетеді. Бұл қосылыстар басқа катод материалдармен салыстырғанда аз көлемді зарядтармен және заряд пен разрядтың жылу ағынымен сипатталады. Олар LiCo негізіндегі катодтармен салыстырғанда айтарлықтай қауіпсіздік артықшылығын қамтамасыз етеді, бұл оларды жоғары деңгейлі қолданбаға қолайлы етеді [65]. Өтпелі металдан жасалған темір (Fe) арзан, оңай, қол жетімді және экологиялық таза. Алайда, бұл материалдардың өткізгіштігі нашар, ал зарядтау кернеуі 4 В-тан төмен түседі. Біреуі катод бөлшектерін азайтуды қамтиды, ал екіншісі өткізгіш көміртегі матрицасы бар $LiFePO_4$ нанокомпозитін пайдалану болып табылады [66].

1.7 Анод материалдары

Мұндағы n-заряд тасымалдаушылардың саны, F-Фарадей тұрақтысы, ал M_w - электродта қолданылатын белсенді материалдың молярлық массасы.

Разряд/зарядтау кезінде графит анодының реакциясы (11):

$$LiC_6 \leftrightarrow Li^+ + 6C + e - \qquad (11)$$

Таза графит анодтары үшін теориялық сыйымдылықты есептеу:

$$M_{w.\text{граф}} = 6 * 12.0107 \frac{\text{г}}{\text{моль}} = 72.0642 \frac{\text{г}}{\text{моль}}$$

n = 1 (Li = 1)

F=96 485.3329 Кл* моль$^{-1}$

$$C_{\text{теор}} = \frac{1 * 96485.33289 \frac{\text{Кл}}{\text{моль}}}{72.0642 \frac{\text{г}}{\text{моль}} * 3600 \text{ А} * \text{сағ}} = \ 371.9 \text{ мА} * \text{сағ/г}$$

SiO_2 анодтары үшін теориялық сыйымдылықты есептеу:

Разрядтау кезінде анодтағы SiO_2 реакциясы (12):

$$Li_2SiO_2 \qquad (12)$$

n = 2 (Li = 2)

$$C_{\text{теор}} = \frac{2 * 96485.33289 \frac{\text{Кл}}{\text{моль}}}{28.0855 \frac{\text{г}}{\text{моль}} * 3600 \text{ А} * \text{сағ}} = \ 1908 \text{ мА} * \text{сағ/г}$$

Анод сыйымдылығын есептеу

Doctor-Blade әдісімен тоқалғышқа электродты жағып, бірнеше дана алу үшін олар бірдей диаметрмен кесіліп және аналитикалық таразыда өлшенеді. Мысалы, толық электродтың диаметрі - 18 мм, ток тартқыштың массасы - 1,0000 г, ал электродтың массасы - 1,0050 г құрайды деп алайық дерлік. Электродтағы белсенді материалдың массасын анықтау үшін ток тартқыштың массасын

электродтың массасынан алып тастаймыз: 1,0050 г - 1,0000 г = 0,005 г. Тоқалғышқа жағылған электродтың толық массасы 0,005 г құрайды. Содан кейін белсенді материалдың массасын алу үшін электродтың массасын 0,7-ге көбейтіңіз. Электродтың белсенді массасы 70%, ал күйе (көміртекті материал) 20%, ал PVDF (байланыстырушы материал) 10% құрайды делік. Осылайша, электродтағы белсенді материалдың массасы 0,005 г*0,7 = 0,0035 г құрайды.

Егер ток тығыздығы 50 мА*г$^{-1}$ болсын дерлік, онда:
1 г белсенді материал үшін ток тығыздығы 50 мА құрауы үшін.

0,0035 г белсенді материал үшін ток тығыздығын:

1 г -> 50 мА
0,0035 г -> х

х = (0,0035 г * 50 мА) / 1 г = 0,175 мА.

Осылайша, берілген мысал үшін ток тығыздығы 0,175 мА құрайды.

Егер батарея 10 сағат ішінде разрядталса, онда:
Сыйымдылық = (ток тығыздығы) * (разряд уақыты) = 0,175 мА * 10 сағ = 1,75 мА * сағ.

$$C = \frac{\text{мА} * \text{сағ}}{\text{г}}$$

Массаға шаққандағы сыйымдылық келесідей болады:

$$C = \frac{0{,}175 * 10}{0{,}0035} = 500\ \text{мА} * \text{сағ}/\text{г}$$

Орташа квадраттық ауытқуды (стандартты ауытқу) есептеу.
Өлшемдердің орташа квадраттық ауытқуы келесі теңдеу арқылы есептеледі:

$$\sigma = \sqrt{(\frac{\sum(x_i - \bar{x})^2}{(n-1)})}$$

мұндағы x_i-жеке өлшемдер

$\bar{x}$ – орташа мән
n – өлшеулер саны
Σ – қосынды

Орташа квадраттық ауытқу деректердің орташа мәнге таралуы туралы ақпарат береді.

SiO_2 шығымын есептеу мысалы:

А- Алматы

Т- Түркістан
К-Қызылорда

		А	Т	Қ	А	Т	Қ
	n	x_i	x_i	x_i	x_i-x_{op}	x_i-x_{op}	x_i-x_{op}
600ºС	1	15,68	18,15	20,74	0,264	0,16	0,032
	2	15,2	18,7	20,65	0,216	0,39	0,058
	3	15,7	18,5	20,85	0,284	0,19	0,142
	4	15,1	17,9	20,75	0,316	0,41	0,042
	5	15,4	18,3	20,55	0,016	0,01	0,158
	орташа, x	15,416	18,31	20,708			

А	Т	Қ	А	Т	Қ
$(x_i-x_{op})^2$	$(x_i-x_{cp})^2$	$(x_i-x_{op})^2$	қосынды	қосынды	қосынды
0,069696	0,0256	0,001024	0,29712	0,382	0,05128
0,046656	0,1521	0,003364			
0,080656	0,0361	0,020164			
0,099856	0,1681	0,001764			
0,000256	0,0001	0,024964			

n-1	σ, А	σ, Т	σ, К
4	0,272544	0,309031	0,113225

Вариация коэффициенті:

$$V_{\sigma} = \frac{\sigma}{< X >} * 100\%$$

Vσ, %	Vσ, %	Vσ, %
1,767927	1,68777	**0,546771**

3.2 Бастапқы материалдарды таңдау және олардың физика-химиялық сипаттамалары

SiO_2 синтезі үшін үш өңірден (Алматы, Түркістан және Қызылорда, одан әрі КҚ -1, КҚ -2 және КҚ -3) КҚ таңдалды. Сыртқы түрі бойынша (3.1-сурет) КҚ -2, КҚ -3-тен қарағанда КҚ -1 күңгірт екенін көруге болады. Бұл күріштің жергілікті өсу жағдайларына байланысты.

Айта кетерлік мәселе, материалдың көзі ретінде күріш қауызын таңдау оның әмбебаптығы мен жаңаруына байланысты. Әртүрлі аймақтардан қауызды таңдау материалдың физикалық және химиялық қасиеттеріне әсер етуі мүмкін екенін ескеру маңызды, бұл әртүрлі техникалық және экологиялық қосымшаларға әсер етеді.


Беттік құрылымдық талдаудың тиімді және ақпараттық әдісі - сканерлеуші электронды микроскопия (СЭМ) болып табылады. Бұл әдіс деструктивті емес,

қатты денелі құрылымдардың беткі микрорельефінің сызықтық өлшемдерін сандық морфологиялық талдауға және өлшеуге мүмкіндік береді.




3.1-сурет. Қазақстанның түрлі облыстарынан алынған КҚ

КҚ термиялық өңдеуден бұрын бастапқы үлгілерге беттік зерттеулер жүргізілді (3.2-сурет), өйткені ол әрі қарай пайдалану үшін белсенді материал болып табылады, сондықтан алынған материалдың тазалығы өте маңызды. СЭМ суретінен КҚ бетінде белсенді емес және қажетсіз бөгде материалдар бар екенін көруге болады. Бүкіл КҚ беті бірдей. Элементтік талдау КҚ бетінде Si құрамын 59,96 %, оттегінің 40,04% екенін көрсетті.



3.2-сурет. Бастапқы материалдардың әртүрлі масштабындағы беттік морфологиясы және бетіндегі элементтік талдау

Алынған нәтижелер күріш қауызының бетінен бөгде қоспаларды алып тастауда жуу әдістемесінің жоғары тиімділігін көрсетеді. Өңдеуден кейін КҚ беті біртекті кедір-бұдырға ие болды, бұл материалды кейінгі процестерге дайындаудың маңызды кезеңі. Беттік құрамды талдау кремнийдің (Si) 19,16% деңгейінде анықтады, бұл материалда кремний қосылыстарының болуын көрсетеді. Қалған 80,84% оттегінің бар екенін көрсететін бұл нәтижелер күріш қауызын әрі қарай зерттеу және қолдану үшін маңызды ақпарат береді (3.3-сурет).




3.3-сурет. Жуудан кейінгі бастапқы материалдардың әртүрлі масштабындағы беттік морфологиясы және бетіндегі элементтік талдау

Массаның уақыт пен температураға тәуелділі өзгерісін анықтау үшін ТГТ талдау әдісі қолданылды. Термогравиметриялық талдау көбінесе заттар мен материалдардың сандық құрамын анықтау және олардың термиялық тұрақтылығын зерттеу үшін қолданылады.

КҚ-1, КҚ-2 және КҚ-3-дарын термогравиметриялық талдау деректері 3.4-суретте көрсетілген. Күріш қауызының негізі әртүрлі полимерлі органикалық қосылыстардан тұрады (көміртегі, сутегі, оттегі, азот) және салмағының 70% дейін құрайды. Ең үлкен пайызы целлюлоза, шамамен 40-45%, лигнин - шамамен

20-25%, гемицеллюлоза – шамамен 15%. Сонымен қатар, күріштің өсу орнына байланысты күріш қауызында аморфты түрде шамамен 20% кремний диоксиді бар [146]. Бұл қосылыстар (органикалық және бейорганикалық) температураға байланысты әртүрлі әрекет етеді, бұл ТГТ арқылы көрінеді. Салмақ жоғалту температураның жоғарылауымен жүреді, ал DTA қисығы температураның жоғарылауымен салмақ жоғалту жылдамдығын көрсетеді.




3.4-сурет. ТГТ талдау КҚ-1 (Алматы, а), КҚ-2 (Түркістан, ә), КҚ-3 (Қызылорда, б)

ТГТ-да массаның өзгеруіне байланысты 4 температура аймағы бар (3.4-сурет). 1-аймақ ретінде: бөлме температурасынан 130°C-қа дейін (ылғалдылық); 2-аймақ: КҚ-1, КҚ-2 және КҚ3 үшін 170-тен 370°C-қа дейін (белсенді аймақ); 3 - 370-тен 600°C-қа дейін (пассивті аймақ); және 4-аймақ КҚ -2 және КҚ-3 үшін 600-ден 900°C-қа дейін (қалдық). КҚ - 1-де 4-аймақ 800-ден басталып 900°C-қа дейін жетеді. 1-ші ТГТ аймағында КҚ-1 үшін 4,93%, КҚ-2 үшін 3,45% және КҚ-3 үшін 1,1% мөлшерінде массаның жоғалуын көрсетеді. Бұл физикалық су мен жеңіл ұшпа заттардың (ылғалдың) жойылуына байланысты, бұл 1-ші аймақта 60-80 °c диапазонында ДТГТ шыңымен расталады. Ең үлкен шығындар 2-ші аймақта (белсенді аймақ) орын алады және КҚ-1 үшін 46,46%, КҚ-2 үшін 44,1% және КҚ-3 үшін 46,88% құрады. Бұл органикалық заттардың көміртекке ыдырауына және ұшпа органикалық заттардың КҚ-нан буланuына байланысты.

ДТГТ- үшін 330 - 340°С аймағындағы шыңы массаның жоғалуын растайды. Лигнин, целлюлоза және басқа органикалық заттардың ыдырауы кезінде белсенді аймақта CO, CO_2, CH_4, H_2 және H_2O сияқты газдар бөлінуі мүмкін және осы газдардың арқасында үлгінің пиролизі орын алуы мүмкін және бұл процесс екінші аймақтан үшінші аймаққа (пассивті аймақ немесе пассивті пиролиз) біртіндеп өтеді. Бұл аймақта көміртегі мен кремний 370-600°С температурада ауа оттегімен тотығады (КҚ-1, КҚ -2, КҚ -3 үшін 32,93%, 34,3% және 31,28% салмақ жоғалтты). Егер инертті ағынында күйдіру жүргізілсе, оттегімен тотығуы болмайды [147].

КҚ-1 үшін соңғы төртінші аймақта массаның жоғалуы 800°С температураға дейін болады, содан кейін ол өзгеріссіз қалады. КҚ-2 және КҚ-3 үшін массаның жоғалуы 600°С температураға дейін жүреді, содан кейін масса өзгеріссіз қалады. Қалдық КҚ-1 үшін 15,68%, КҚ-2 үшін 18,15% және жалпы массаның КҚ-3 үшін 20,74% құрайды.



3.5-сурет. Таза КҚ-ның ИҚ-Фурье спектрлері

КҚ-ның ИҚ-Фурье спектрлері 3.5-суретте көрсетілген. Күріш қауызының ИҚ-Фурье спектрлері толқын санының келесі мәндерінде шыңдарды көрсеттті: 3412 $см^{-1}$ (-ОН топтары), 2927 $см^{-1}$ (С-Н топтары), 1641,3–1737,7 $см^{-1}$ (С=О тобы) (әлсіз 1648 $см^{-1}$ шыңы Н-О-Н топтары), 1546,8–1652,9 $см^{-1}$ (топтары С=С), 1461,9 $см^{-1}$ (CH_2 және CH_3 топтары), 1380 $см^{-1}$ (CH_3 тобы), 1379,0 $см^{-1}$ (хош иісті СН және карбоксикарбонат құрылымдарының созылуы), 1153,4-1300 $см^{-1}$ (СО тобы), 1238 $см^{-1}$ (СНОН тобы), 1080 $см^{-1}$ (Si-O-Si тобы) және 862,1-476,4 $см^{-1}$ (Si-H тобы). Шамамен 1641,31-1737,74 $см^{-1}$ шыңдары гемицеллюлоза мен лигниннің хош иісті топтарымен байланыстыруға болатын С=О созылуына сәйкес келеді. 1546,80-1652,88 $см^{-1}$ диапазонындағы С=С валенттік тербелістері алкендер мен хош иісті функционалды топтардың болуын көрсетеді. Шамамен 1461,94 $см^{-1}$ шыңдары CH_2 және CH_3 топтарының болуын көрсетеді, ал 1380 $см^{-1}$ шыңдары

CH_3 бар екенін көрсетеді. 1379,01 $см^{-1}$ жолағындағы шың хош иісті CN және карбоксикарбонат құрылымдарымен байланысты болуы мүмкін. 1153,35-1300 $см^{-1}$ аймағындағы шыңдар лактондардағы CO тобының тербелістеріне сәйкес келеді. Шамамен 1238,21, 1080,06 және 862,12-476,38 $см^{-1}$ шыңдары сәйкесінше CHOH созылуына, Si-O-Si созылуына және Si-H топтарына сәйкес келеді. Бетіндегі полярлық топтардың болуы катион алмасу қабілетін қамтамасыз етуі мүмкін адсорбент.

3.1-кесте. Алынған үлгілердің РФА талдауы

Химиялық құрамы	КҚ*1	КҚ *2	КҚ *3
SiO_2	83.8	73.9	84.4
Na_2O	-	-	-
MgO	-	-	-
Al_2O_3	-	-	-
SO_3	-	-	-
Cl	-	3.1	-
K_2O	8.6	18.5	4.8
CaO	6.7	2.8	8.3
MnO	0.2	0.6	-
Fe_2O_3	0.6	0.6	2.5
CuO	-	-	-
ZnO	0.2	0.5	-
Cr_2O_3	-	-	-

600°С температурада КҚ-1, КҚ-2 және КҚ-3-тен алынған материалды РФА талдау (3.1-кесте) кезінде басқа оксид элементтерінің құрамын көрсетті. SiO_2 жоғары мөлшері КҚ-3 алынған материалда (84,4%) анықталды. ТГТ және РФА талдауларының нәтижелеріне сүйене отырып, Қызылорда облысының КҚ ең қолайлы болып шықты. Бұдан әрі зерттеулер Қызылорда облысынан алынған КҚ пайдалана отырып жүргізілетін болады.

Қыздыру параметрлері:

Қыздыру жылдамдығы бөлме температурасынан 500°С-қа дейін 7°С/мин барады, 500°С-та 4 сағат ұсталды (қосымша газдар жоқ), содан кейін салқындату (ерікті түрде) жүргізілді. Жанбаған элементтерді білдіретін қара нүктелер байқалады.

Қыздыру жылдамдығы бөлме температурасынан 600°С-қа дейін 7°С/мин барады, 600°С-та 4 сағат ұсталды (қосымша газдар жоқ), содан кейін салқындату (ерікті түрде) жүргізілді. Түсі біркелкі, жанбаған элементтер байқалмайды.


Қыздыру жылдамдығы бөлме температурасынан 700°С-қа дейін 7°С/мин барады, 700°С-та 4 сағат ұсталды (қосымша газдар жоқ), содан кейін салқындату (ерікті түрде) жүргізілді. Түсі біркелкі, жанбаған элементтер байқалмайды.

Қыздыру жылдамдығы бөлме температурасынан 800°С-қа дейін 7°С/мин барады, 800°С-та 4 сағат ұсталды (қосымша газдар жоқ), содан кейін салқындату (ерікті түрде) жүргізілді. Түсі біркелкі, жанбаған элементтер байқалмайды.

Қыздыру жылдамдығы бөлме температурасынан 900°С-қа дейін 7°С/мин барады, 900°С-та 4 сағат ұсталды (қосымша газдар жоқ), содан кейін салқындату (ерікті түрде) жүргізілді. Түсі біркелкі, жанбаған элементтер байқалмайды.

Қыздыру жылдамдығы бөлме температурасынан 1000°С-қа дейін 7°С/мин барады, 1000°С -та 4 сағат ұсталды (қосымша газдар жоқ), содан кейін салқындату (ерікті түрде) жүргізілді. Көміртекті материалдар түріндегі элементтер байқалады.


Қыздыру жылдамдығы бөлме температурасынан 600°С-қа дейін 7°С/мин барады, 600°С-та 4 сағат ұсталды, содан кейін 600°С -тан 1000°С-қа дейін қыздыру жылдамдығы да 7°С/мин барады, 1000°С-та 4 сағат ұсталды (қосымша газдар жоқ), содан кейін салқындату (ерікті) жүргізілді. Түсі біркелкі, көміртегі элементтері байқалмайды.



3.6-сурет. 500-ден-1000 °С-қа дейінгі әртүрлі температурада КҚ алынған SiO_2 фотосуреттері, муфель пешінде 4 сағат ішінде қыздыру жылдамдығы 7°С/мин.

Жоғарыдағы суреттерде (3.6-сурет) көрініп тұрғандай 500°С алынған материалда күйдіру кезінде қара нүктелер бар екенін көруге болады, бұл органикалық қосылыстың көміртекті материалға айналып толықтай жанбай


қалуына байланысты. 600-ден 900°С-қа дейінгі температура аралығында жанбаған элементтердің болуы байқалмайды және материал біркелкі құрылымға ие болады. 1000 °С температурада күйдіру кезінде жанбаған немесе көміртекті материалдар күрт артады, бұл қыздыру жылдамдығына байланысты. Қыздыру кезде органикалық қосылыстар коміртекке айналып 1000 °С жеткенде кремниймен әрекеттесіп карбид кремний түзеді. Соңғы суретте материалдың 1000 °С температурада біркелкі екенін көруге болады, бұл 600°С температурада ұстау уақытына байланысты. 600°С температурада ұстау кезінде көміртектің барлығы жанып, содан кейін температура 1000°С көтеріледі.



3.7-сурет. КҚ алдын ала өңдеусіз 500 – ден-1000 °С-қа дейінгі әртүрлі температурада алынған материалдардың қыздыру СЭМ суреттері (жылдамдығы 7°С/мин, ұстау уақыты 4 сағат).


СЭМ суреттерінен (3.7-сурет, а-ғ) алынған материалдардың бетінің морфологиясы әртүрлі температурада қыздырғанымен беттік құрылымы сақталатынын көруге болады. Бөлшектердің өлшемдері, суреттен көрініп

тұрғандай, 100 мкм-ден асады. Бұл формада материалдарды белсенді материал ретінде пайдалану мүмкін емес. Өйткені белсенді материал ретінде беті ғана жұмыс істеп, ортасы бос қалады. Оны тек шар диірменінде ұсақтап, содан кейін қолдануға болады.



3.8-сурет. Алынған материалдардың элементтік талдамасы

ЭДРС талдау (3.8-сурет, а) кезінде 500 °С температурада алынған материалда көміртегі мөлшері 9,4% екенін көрсетті, ал 1000 °С температурада алынған үлгіде 15% көрсетті (3.8-сурет, ғ). Қалған үлгілерде көміртегі байқалмады (3.8-сурет, ә-г).




3.9-сурет. Әртүрлі температурада алынған материалдардың рентгендік құрылымдық талдауы 500°С, а); 600°С, ә); 700°С, б); 800°С в); 900°С г); 1000°С ғ);

Үлгілердің рентгендік құрылымдық талдауы (3.9а)-сурет) кезінде 500 °С қыздыру температурасында алынған материалда 16-17θ аймағында жалпақ шың пайда болады. Бұл шың жанбаған целлюлозамен байланысты [148, 149, 150]. 600°С қыздыру температурасында 22,4 θ шыңы аморфты кремний диоксидінің шыңына сәйкес келеді. 700 °С қыздыру температурасында (3.9б-сурет) шыңы 0,8 θ-ге ығысып 21,6 θ-да пайда болады. Бұл үлгінің кристалдануына байланысты. 800 °С қыздыру температурасында (3.9в-сурет) 21,6 θ шыңы 21,5 θ -ке ығысып, жалпақ шың сәл тарылып, және 26,7 θ-те сүйір шың пайда болады. 900°С қыздыру температурасында (3.9г-сурет) 21,5 θ шыңы 20,9 θ-ға ауысады және 26,6; 42,6; 50,2; 60,07; 68,0 θ қосымша шыңдар пайда болады. 1000°С қыздыру температурасында (3.9ғ-сурет) шыңдардың қарқындылығы артып, үлгінің құрылымы кристалданады.

Физика-химиялық талдау нәтижелері 500°С температурада алынған материалда органикалық элементтер бар екенін көрсетті, бұл оны электрод материалы ретінде қолайсыз етеді. Электродтар жасау процесінде белсенді емес элементтердің тіпті аз мөлшері литий-ионды батареялардың жұмысына айтарлықтай әсер етеді. Бұл элементтердің болуы электролит пен литиймен жағымсыз реакцияларды тудыруына әкелуі мүмкін, бұл батареялардың өнімділігі мен тұрақтылығына теріс әсер етеді.

700-ден 900 °С-қа дейінгі температурада алынған материалдардың элементтік талдауы органикалық қосылыстарды таппады. Алайда, рентгендік құрылымдық талдау көрсеткендей, температура жоғарылаған сайын материал біртіндеп кристалдана бастайды және 700-ден 900 °С-қа дейінгі температура диапазоны 600 °С-пен салыстырғанда энергияны көп жұмсайды.

Осылайша, 600 °С температурада алынған материал параметрлер бойынша оңтайлы болып табылады. Оның құрамында органикалық қосылыстар жоқ және көп энергия шығынын қажет етпейді.




3.10-сурет. 600 °С-та алдын ала өңдеусіз термиялық қыздыру кезінде алынған материалдардың әр түрлі масштабта түсірілген СЭМ суреттері

Әртүрлі температурада күйдіруден кейін материалдың құрылымдық морфологиясында айтарлықтай өзгерістер байқалмайды. Материалдың құрылымы жану процесіне қарамастан сақталады. Әртүрлі масштабтағы үлкейту кезінде 600 ºС кезінде алынған материалдардың СЭМ суреттері көрсетілген (3.10-сурет). Әртүрлі температурада материалдың кристалдылығы өзгереді. Рентгендік құрылымдық талдау бойынша 600ºС кезінде алынған материал аморфты болып табылады. Температура жоғарылаған сайын материалдың құрылымы аморфтыдан кристалдыға өзгереді. Яғни, температураны өзгерту арқылы аморфты немесе басқа фазалық құрылымды алуға болады. Жоғарыда айтылғандардың бәрінен литий-ионды аккумуляторлар үшін электрод

материалының аморфты құрылымы көбірек қолданылады және ең оңтайлы температура 600 °C құрайды деген қорытынды жасауға болады.

3.3 Күріш қауызын алдын ала өңдеу нәтижелері

Жоғарыда айтылғандай, белсенді материалдың тазалығы, өлшемі мен кеуектілігі үлкен рөл атқарады. Біздің үлгі үлкен болғандықтан және оксид элементтері бар болғандықтан, келесі міндет - тазалықты арттыру және өлшемді азайту. Тазалықты арттыру үшін екі сатылы тәжірибе жүргізілді. Біріншісі - алдын ала өңдеу, екіншісі - химиялық тазарту. Алдын ала өңдеу үшін ең жақсы нұсқа-HCl ертіндісінде өңдеу [150]. Алдын ала өңдеу жоғарыда аталған әдістеме бойынша жүргізілді (2.4 тарау).



3.11-сурет. HCl-мен алдын ала өңдеуден кейін 600 °C температурада КҚ-нан алынған материалдың СЭМ -суреттері

3.11-суретте (а, ә, б, в) КҚ-ын қышқылмен алдын ала өңдеуден кейінгі және кремний диоксиді үлгісінің СЭМ суреттері көрсетілген. СЭМ суреттер бойынша (3.3-сурет), шикі үлгі КҚ-на тән құрылымды көрсетеді. 3.11ә-в)-суреттерде кремний диоксиді үлгісінің әртүрлі масштабта үлкейту кезіндегі СЭМ суреттері көрсетілген. Тұз қышқылымен алдын ала өңделген үлгі қышқылдың әсерінен органикалық қоспалардың ыдырауына байланысты құрылымның айтарлықтай


бұзылуына ие екенін көрсетті (3.11а)-сурет). Термиялық өңдеуден кейін (3.11в - сурет) кеуекті құрылым пайда болғанын көруге болады.

3.2-кесте. КҚ-ның РФА талдауы. КҚ-ын алдын ала өңдеуден кейін SiO_2 құрамының 84,4% - дан 93% - ға дейін өскенін көрсетті.

Фазалық құрамы	SiO_2	Na_2O	MgO	Al_2O_3	SO_3	Cl	K_2O	CaO	MnO	Fe_2O_3	CuO	ZnO	Cr_2O_3
КҚ[3]	93.0	-	-	-	-	2.8	0.5	1.2	-	2.2	0.1	0.1	-

3.4 Химиялық өңдеуден кейінгі нәтижелер

Химиялық тазартудан кейін алынған үлгі СЭМ анализ бойынша зерттелді. Сипатталған әдістеме бойынша жаңадан синтезделген (2.5-тарау) ұнтақ 30-суретте әртүрлі үлкейтулерде ұсынылған. Бөлшектердің өлшемдерін суреттерден анықтау өте қиын. Алайда, суреттерге қарап, бөлшектердің өлшемдері микроннан аз деп айтуға болады. Бөлшектердің өлшеміне байланысты агломерация өте тез жүреді (3.12-сурет).




3.12-сурет. Таза SiO_2 үлгісінің әртүрлі ұлғайтылған СЭМ суреттері

3.3-кесте. SiO_2 үлгісінің (РФТ) талдау нәтижелері.

Фазалық құрамы	SiO_2	Na_2O	MgO	Al_2O_3	SO_3	Cl	K_2O	CaO	MnO	Fe_2O_3	CuO	ZnO	Cr_2O_3
Құрамы %	99.7	-	-	-	-	-	0.1	0.2	-	-	-	0.04	-

Алынған деректерді талдау кезінде күріш қауызынан алынған материалда құрамындағы калий, кальций, темір және магний оксидтерінің мөлшері 0,155–18,4% аралығында екенін көрсетеді (3.2-кесте). Оксидтердің құрамы күріш қауызын өңдеу үшін қолданылатын реагенттің табиғатына байланысты өзгереді. 3.3-кестеде көрсетілгендей, тұз қышқылдарымен алдын ала өңдеуден кейін КҚ-нан алынған материалда кремний диоксидінің мөлшері әлдеқайда жоғары. Соңғы өнімдегі SiO_2 негізгі затының ең көп мөлшері бастапқы шикізатты алдын ала қышқылдарымен өңдеу арқылы қол жеткізіледі.


Тұз қышқылымен өңдеуден кейін SiO_2 көрсеткіші 99.7% - ға дейін өсті, бұл алдын ала өңдеу әдісін қолданудың тиімділігін көрсетеді. Бұл деректер күріш қауызынан жоғары таза кремний диоксиді үшін ең перспективалы шикізат екенін көрсетеді.



3.13-сурет. КҚ-3-нан алынған SiO_2 –нің ИҚ-Фурье спектрлері

Таза SiO_2 үлгілсінің ИҚ Фурье - спектрлері 3.13-суретте көрсетілген. 1058 $см^{-1}$-де сіңірудің айтарлықтай шыңын силоксан (Si–O–Si) торының тербеліс режимдеріне жатқызуға болады, бұл жоғары конденсацияланған кремний диоксиді торын көрсетеді және әлсіз 2353 $см^{-1}$-де шың Si-H байланысының созылу діріліне байланысты пайда болады. 1600-ден 1650 $см^{-1}$-ге дейінгі ең жоғары диапазон кремний атомының бос d-орбиталына электрондардың жалғыз жұбының берілуіне байланысты Si-O арасында қос байланыстың түзілуін көрсетеді. Басқа өте әлсіз шыңдар өлшеу кезінде пайда болған шу болуы мүмкін.


Алынған SiO_2 спектрлері органикалық немесе бейорганикалық қоспаларға қатысты басқа жолақтарды көрсетпейді. Элементтік талдау оттегінің 53.26% және 46.74% кремний құрамын көрсетті (3.14-сурет).



Thin Film Standerdless Standard Quantitative Analysis(Oxide)
Fitting Coefficient : 0.1599
Total Oxide : 24.0

Element	(keV)	mass%	Counts	Error%	Mol%	Compound	mass%	Cation	K
O *		53.26							
Si K (Ref.)	1.739	46.74	120953.85	0.16	100.00	SiO2	100.00	12.00	1.0000
Total		100.00			100.00		100.00	12.00	


3.14-сурет - таза SiO_2 элементтік талдауы



3.15-сурет. Таза SiO_2 нанобөлшектерінің ЖЭМ арқылы алынған -суреттері және өлшемдері бойынша таралуы


3.15-суретте көрсетілген ЖЭМ -суреттері ×80. 00 kx (индекс 100 нм) дейін үлкейту арқылы алынды. Нанобөлшектердің ЖЭМ суреттерінен үлгілерде барлық бөлшектердің ~20-30 нм өлшемі бар екенін көруге болады. Бұл бастапқы үлгіде сыртқы әсерсіз «жабысу» процесі жүрмейтінін көрсетеді. Басқаша айтқанда, тәжірибелік үлгі диаметрі ~20-30 нм болатын таза нанобөлшектерден тұрады. ImageJ бағдарламасының көмегімен суретті талдау кезінде ұнтақ

бөлшектерінің мөлшерін анықтауға мүмкіндік берді, олардың орташа өлшемі - 25 нм.



3.16-сурет. Таза SiO_2 комбинациялық шашырау спектрлері

Алынған үлгілерді қосымша зерттеу үшін таза SiO_2 үлгісін комбинациялық шашырау спектрлеріне талдау жүргізілді (3.16-сурет). SiO_2 үшін комбинациялық шашырау спектрлері O-Si-O кремний диоксидінің меншікті тербелмелі режимдерімен байланысты 300, 380, 800 $см^{-1}$ диапазонының амплитудасына сәйкес нормаланған.



3.17-сурет. а) төмен температурадағы үлгілердің азот адсорбция-десорбциясы және ә) SiO_2 кеуек өлшемдерінің таралуы.


3.4-кесте. Таза SiO_2 үлгілерінің бетінің сипаттамасы.

Үлгі	БЭТ бойынша бетінің ауданы, $м^2$ $г^{-1}$	Кеуектілік сипаттамалары (DFT әдісі)	
		Кеуек көлемі, $см^3$ $г^{-1}$	Кеуек өлшемі, нм
SiO_2_HCl	980	1.2	0.9

Таза SiO_2 үлгілерінің бетінің ауданының (БЭТ) сипаттамалары 3.4-кестеде көрсетілген. 3.17 -суреттерде (а, ә) азоттың адсорбция-десорбция изотермалары және таза SiO_2 өлшемдеріне сәйкес кеуектердің таралуы көрсетілген. Бетінің ауданы БЭТ бойынша таза SiO_2-дің беті 980 $м^2*г^{-1}$ болды. SiO_2 үлгілерінің изотермалары III типке жақын, әлсіз гистерезиске жақын және төмен қысымдағы қисыққа келеді, бұл мезо-кеуекті (порист)-макро-кеуекті материалдарды көрсетеді. Бұл тұжырымдар кеуек көлемімен және кеуектілік өлшемдерінің орташа мәнімен расталады (3.4-кесте) және кеуектердің үлгі өлшемдеріне таралуына байланысты (3.16-сурет).

3.5 SiO_2/C физика-химиялық сипаттамалары


Жоғарыда аталған әдістеме бойынша SiO_2/C алынды. Алынған үлгі сканерлеуші электронды микроскоп және трансмиссиялық электронды микроскопия (СЭМ және ЖЭМ) көмегімен зерттелді, сонымен қатар элементтік талдау жүргізілді. 750°C температурада сахарозамен SiO_2 күйдірілгеннен кейін бөлшектер диаметрі әртүрлі дөңгелек пішінді ұнтаққа айналады (3.18-сурет). Элементтік талдау 9,73% көміртегі, 44,07% кремний және 46,20% оттегі құрамын көрсетті.



3.18-сурет. Алынған SiO_2/C үлгісінің СЭМ және EDAX суреттері


Графитпен қапталған SiO_2 композитін талдау кезінде алынған ПЭМ суреттерінде (3.19-сурет) SiO_2 нанобөлшектері болып табылатын қараңғы

нүктелердің айналасында көміртекті қабықтың болуын көрсетеді. Қабықтың ішіндегі бөлшектер біркелкі бөлінбегенімен, олар көміртегі матрицасының құрылымында мықтап байланысқан, бұл SiO_2 нанобөлшектерінің литий ионды батареяда қолдану кезінде көлемдік әсерін төмендетеді.




3.19-сурет. Әр түрлі масштаб кезінде алынған SiO_2/C үлгісінің ЖЭМ суреті

Алынған үлгілер 3.20-суретте келтірілген рентгендік құрылымдық талдау арқылы да зерттелді. SiO_2-нің сәтті модификациясы (кремний диоксиді бөлшектерінің айналасында көміртекті қабықтың пайда болуы) болып рентгендік талдау кезінде көміртекке сәйкес келетін шамамен 44°θ кең әлсіз шыңның пайда болуы және 18-30° θ арасындағы кең дифракциялық шыңның аморфты SiO_2-ға жататын кең шыңның пайда болуына байланысты. Графит көміртегіне жататын шамамен 26°θ дифракциялық шыңы аморфты SiO_2 –дің кең шыңына тең келгендіктен көрінбейді. Графиттің пайда болуы сахарозаның химиялық активтенуіне және көміртегінің нәтижесі болып табылады. SiO_2/C композитінің рентгендік дифрактограммасы аморфты SiO_2 шыңының 24°θ-тан 22° θ-ке дейін айқын ығысуын көрсетеді. SiO_2/C композит рентгенограммасында Si немесе SiC шыңдары жоқ, бұл осы фазалар қалыптаспай-ақ сәтті модификацияны көрсетеді.



3.20-сурет. SiO_2/C рентгендік құрылымдық талдау

Графитпен қапталған SiO_2 композиттік материалына спектроскопиялық талдау жүргізілді (3.21-сурет). Белгілі G шыңы 1600 $см^{-1}$ маңындағы барлық sp^2 жүйелерінде байқалады, ал D комбинациясының шашырау шыңы алты есе ароматикалық сақиналардың, сондай-ақ sp^2 байланыстарының болуын көрсетеді. Комбинациялық шашырау спектрлеріндегі D шыңы ақаулардан немесе тәртіпсіздіктерден (ретсіздіктен) туындайды және графит кристалдарының мөлшері азайған сайын сызықтық түрде артады. Біздің жағдайда, 3.20-суретте көрсетілген, әр түрлі пропорцияда SiO_2 және сахарозамен алынған үлгілер алынды (9:1, 8:2, 7:3). Осы үлгілердің комбинациялық шашырау спектрлерінде 1350 $см^{-1}$ және 1595 $см^{-1}$ тән жиілік мәндері бар барлық үлгілерде екі шыңның болуы анықталды. Бұл шыңдар графит құрылымдарының типтік ақауларымен байланысты D және G жолақтарына сәйкес келеді. Сонымен қатар, 2700 $см^{-1}$ 2D жиілігіне жақын әлсіз шың бар.




SiO2:Сахароза	D	G	ID	IG	R(ID/IG)
9:1	1343	1594	877	1066	0,822702
8:2	1350	1592	2687	3105	0,865378
7:3	1350	1595	929	1062	0,874765

3.21-сурет. SiO_2/C комбинациялық шашырау спектрілері

Жарықтың комбинациялық шашырау спектрі көміртегі негізіндегі материалдарға тән қасиет болып табылады және көміртегі негізіндегі материалдардың графиттену дәрежесін бағалау үшін D және G (I_D/I_G) жолақтарының қарқындылық қатынасын да пайдалануға болады. I_D/I_G қатынасы графиттеу дәрежесіне кері пропорционалды. Аз I_D/I_G қатынасы композиттердегі көміртегі компонентінің графиттенуінің жоғары дәрежесін көрсетеді. Бұл жағдайда графит қабығындағы SiO_2 композиті үшін I_D/I_G мәні 9:1 үшін шамамен 0,82 болды. Бұл I_D шыңының қарқындылығы (ақауларға қатысты) I_G шыңының қарқындылығынан (графит құрылымына қатысты) төмен екенін білдіреді, бұл ақаулармен салыстырғанда берілген материалда графит құрылымының басым болуын көрсетеді.

3.6 Алынған үлгілердің электрохимиялық сипаттамалары

Ұяшықтардың электрохимиялық сипаттамалары электродтағы белсенді материалдардың сапасы мен қасиеттерімен анықталады. Кремний оксиді негізіндегі анод электродтарының негізгі өлшемдері олардың кеуектілік, тазалық және өткізгіштік сияқты параметрлеріне байланысты болады. Бірақ бұл параметрлер ұяшықтың барлық сипаттамаларына толық жауап бермейді. Мысалы, бірдей белсенді материалдармен екі түрлі дерек алуға болады. Бұл электродты дайындауға байланысты. Байланыстырушы, өткізгіш және белсенді материалдың ара қатынасы, сондай-ақ белсенді материалдың электрод көлеміне таралуы да маңызды рөл атқарады.



3.21\2-сурет. Әр түрлі масштабта таза SiO_2 циклына дейін дайын электродтың беті

Бұл тарауда сыйымдылық, қайтымдылық және циклділік сияқты алынған электродтардың электрохимиялық сипаттамаларын анықтау бойынша тәжірибелер жүргізілді.


Электродтың СЭМ суреттерінде (3.22-сурет) көрініп тұрғандай біркелкі таралу және белсенді материал, PVDF, C45 арасында жақсы байланыс бар.

Суретте (3.23-сурет) құрастырудан кейін бірден сыныққа арналған ұяшықты тексеру көрсетілген.



3.23-сурет. Батареяларды сынау алдында тексеру


Сыйымдылық пен тұрақтылықты салыстыру үшін коммерциялық нано-кремнийден электродтар дайындалды. Зарядтау-разрядтау сипаттамалары 3.24а-суретте көрсетілген. Нанокремнийдің бірінші цикліндегі сыйымдылығы жақсы нәтиже көрсеткенін көруге болады (~2800 мА*сағ*г$^{-1}$). Алайда келесі циклдерде ол құлдырай бастайды. Оныншы циклде ~ 500 мА*сағ*г$^{-1}$ дейін төмендеді. Мұның бірнеше себептері бар. Біріншісі: кремний көлемнің ұлғаюына байланысты зарядтың әр циклінде бөлшектің ыдырауына алып келеді, бұзылуға байланысты материалдар арасындағы байланыс нашарлайды және қайтымсыз қосылыстар пайда болады, ал көлемнің әр өзгеруімен электродтың бетінде жаңа ҚЭФҚ қабаты пайда болады, осылайша ионның өткізгіштігі нашарлайды. Бұл сондай-ақ ешқандай өңдеусіз КҚ-нан алынған SiO_2-ге де қатысты (3.24ә -сурет). Ешқандай алдын ала өңдеусіз КҚ-нан алынған SiO_2-нің бірінші разряд сыйымдылығы 450 мА*сағ*г$^{-1}$-ден жоғары болды. Екінші циклде 250 мА*сағ*г$^{-1}$-нан сәл артық көрсеткішті көрсетті. Электрод материалы тұрақты жұмыс істейді, бірақ оның электрохимиялық сыйымдылығы төмен.



а) нано-кремний, ә) КҚ-нан термиялық өңдеу әдісімен алынған кремний оксиді.

3.24-сурет. Электродтардың заряд/разрядтық сипаттамасы

Осы зерттеуге және басқа әдеби деректерге сәйкес, таза кремний электродтар жасауға жарамсыз деген қорытынды жасауға болады. Материалдың кеуекті немесе наноөлшемді құрылымында да, зарядтау процесі кезінде айтарлықтай көлемдік кеңеюге байланысты құрылымның бұзылуына әкеледі (шамамен 300%).




а) 50 мА*г$^{-1}$ ток тығыздығы кезінде КҚ алдын ала өңдеуден кейін алынған кремний оксидінің сыйымдылығының өзгеруі
ә) сканерлеу жылдамдығы 0,1 мВ*с$^{-1}$ кезіндегі КҚ алдын ала өңдеуден алынған кремний оксидінің ЦВА
б) 50 мА*г$^{-1}$ ток тығыздығы кезіндегі КҚ алдын ала өңдеумен алынған кремний оксиді үшін разряд сыйымдылығының өзгеруі және кулондық тиімділігі

3.25-сурет. КҚ алдын ала өңдеумен алынған кремний оксиді электродының заряд/разрядтық сипаттамасы.

3.25а-суретте алдын ала өңдеумен КҚ-нан алынған SiO_2 электродының зарядтау/разрядтық сипаттамасын көруге болады. Бірінші циклде разряд сыйымдылығы 900 мА*сағ*г$^{-1}$, зарядтау сыйымдылығы шамамен 500 мА*сағ*г$^{-1}$. Екінші циклде разряд сыйымдылығы 450 мА*сағ*г$^{-1}$ дейін күрт төмендейді. Үлкен айырмашылық электрод бетінде фазааралық қатты электролиттің пайда болуымен байланысты. Бұл (3.25ә-суретте) ЦВА қисықтарын растайды. Бірінші циклдегі ЦВА ауданы басқаларға қарағанда үлкен. Екінші циклден бастап күрт өзгеріс байқалмады. Әр циклдегі сыйымдылық төмендейді (3.25б-суретте) және 50 циклде сыйымдылық 250 мА*сағ*г$^{-1}$ көрсетеді. Бұл, ең алдымен, литийдің электродтағы материалдармен қайтымсыз қосылыстардың пайда болуына байланысты.

Сондай-ақ, салыстыру үшін электроспининг арқылы алынған көміртекті наноталшықтардан батарея жиналды [151].



а) ток тығыздығы 100 мА*г$^{-1}$ болған кезде көміртекті наноталшықтардың сыйымдылығының өзгеруі

ә) сканерлеу жылдамдығы 0,1 мВ*с$^{-1}$ болған кезде көміртекті наноталшықтардың ЦВА


б) токтың әр түрлі тығыздығындағы көміртекті наноталшықтар үшін разряд сыйымдылығы мен КТ

в) циклге дейінгі және кейінгі көміртекті наноталшықтардың кедергісі

3.26-сурет. Көміртекті наноталшықтар электродының электрохимиялық сипаттамалары.

Бөлме температурасындағы заряд/разрядтың гальваностатикалық профильдері 0,01-3,0 В кернеуде 100 мА*г$^{-1}$ ток тығыздығында 1-ден 50-ге дейінгі циклдардан жасалынды (3.26а-сурет). Үлгіде 0,7 В аймағындағы бірінші разряд циклінде үстірт бар және қуат келесі циклдармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. 100 мА*г$^{-1}$ кезіндегі көміртекті наноталшықтардың разряд сыйымдылығы шамамен 594 мА*сағ*г$^{-1}$, разрядтық сыйымдылығы 303 мА*сағ*г$^{-1}$ көрсетті. Бұл электродтардың бетінде ФАҚЭ қабатының пайда болуына байланысты. Кулондық тиімділік 51% көрсетті. Екіншіден бастап, келесі циклдарда қуат тұрақты, ал барлық циклдар үшін кулондық тиімділік ~100% - ға дейін өсті. Үлгі әртүрлі ток тығыздығында жақсы тұрақтылықты көрсетті. ЦВА сонымен қатар тұрақты циклды көрсетеді (3.26ә -сурет). Токтың тығыздығы 50 мА*г$^{-1}$ кезінде 80 циклден бастап, сыйымдылығы 365 мА*сағ*г$^{-1}$ дейін өсті, бұл графиттің теориялық сыйымдылығынан сәл аз. Үлкен ток тығыздығында литий иондарының анод құрылымына еніп үлгермейді және батареялардың сыйымдылығы төмендейді. Ток тығыздығы 500 мА*г$^{-1}$ кезінде


сыйымдылығы 148 мА*сағ*г$^{-1}$ дейін төмендеді. Ток тығыздығының кері төмендеуімен сыйымдылық бұрынғы көрсеткіштерге дейін өсті (3.25б-сурет). Батареяның кедергісі көбірек көрсетті – 3 кОм. Циклден кейін ол 60 Ом-ға дейін төмендеді (3.26в-сурет).



а) 300 мА*г$^{-1}$ ток тығыздығында SiO_2 разряд сыйымдылығының өзгеруі
ә) сканерлеу жылдамдығы 0,1 мВ*с$^{-1}$ болған кезде SiO_2 –нің ЦВА
б) әр түрлі ток тығыздығындағы SiO_2 үшін разряд сыйымдылығының өзгеруі және кулондық тиімділік
в) таза SiO_2 үшін Nyquist графиктері (импеданс)

3.27-сурет. Таза SiO_2-дің электродының электрохимиялық сипаттамалары


3.27(а)-суретте 0,01-3В кернеу диапазонында 300 және 50 мА*г$^{-1}$ ток тығыздығында таза SiO_2-нең 1 - ден 5-ші циклге дейінгі разряд пен заряд қисықтары көрсетілген. 3.27(б)-суретте 0,1 мВ * с сканерлеу жылдамдығында SiO2 бөлшектерінің циклдік вольтамперограммалары көрсетілген. SiO_2 үшін циклдік вольтамметрия графигі төменгі кернеу мәндерінде болатын маңызды реакцияларды оқшаулау мақсатында 2,2 В дейінгі диапазонда ұсынылды. Электролиттің ыдырауы және белсенді бөлшектердің бетінде ҚЭФҚ пленкаларының түзілуі 0,43 В кең шыңында жүреді. 3.27(в)-суретте таза SiO_2 үшін импеданс шамамен ~6 КОм кедергіні көрсетті.



3.28-сурет. Әр түрлі масштабта SiO_2 электродының циклдан кейінгі СЭМ-нен алынған сурет

SiO_2 анодының 1-ші разрядтау және зарядтау сыйымдылығы 841 және 606 мА*сағ*г$^{-1}$ көрсетті. Егер таза SiO_2 разряд қисықтарын алдын ала өңдеумен алынған SiO_2-мен салыстырсақ (3.27 (ә) және 3.25-суреттер), таза SiO_2 сыйымдылығы алдын-ала өңдеумен алынған SiO_2-ге қарағанда тұрақты. Ток тығыздығы 300 мА*г $^{-1}$ болғанда таза SiO_2 сыйымдылығы орташа есеппен 290 мА*сағ*г$^{-1}$ көрсетті, ток тығыздығы 200 мА*г$^{-1}$ болғанда сыйымдылығы 310 мА*сағ*г$^{-1}$ көрсетті, ток тығыздығы 100 мА*г$^{-1}$ болған жағдайда сыйымдылығы 350 мА*сағ*г$^{-1}$ және, ток тығыздығы 50 мА*г$^{-1}$ болғанда, сыйымдылығы 430 мА*сағ*г$^{-1}$ екенін көрсетті. Кулондық тиімділік шамамен 100% болды. SiO_2 электродының керемет циклдік тұрақтылығы материалдың мөлшері мен кеуектілігіне байланысты болуы мүмкін. Өлшемі мен кеуектілігі электролит/Li^+ ену жолдарын қамтамасыз етеді және цикл кезінде анодтың белсенді массасының кеңеюін өтейді.

Электродтардың СЭМ суреттерінде (3.28-сурет) циклден кейін бетінде мөлдір қабат пайда болғанын көруге болады. Циклге дейінгі электродпен салыстырған кезде (3.22-сурет) анық көруге болады. Болжам бойынша, бұл ҚФЭҚ қабаты.



а) ток тығыздығы 150 мА*г$^{-1}$ болған кезде белсендірілген көмірдің сыйымдылығының қисығы

ә) сканерлеу жылдамдығы 0,1 мВ*с$^{-1}$ кезінде белсендірілген көмірдің ЦВА

б) әр түрлі ток тығыздығында белсендірілген көмір үшін сыйымдылығының өзгеруі және кулондық тиімділік


3.29-сурет. КҚ-нан алынған белсендірілген көмірдің электрохимиялық сипаттамалары.

3.29а-суретте КҚ-нан алынған белсендірілген көмірден жасалған ұяшықтың разряд және заряд қисықтары көрсетілген [120]. 0,01-3 В кернеу аралығында 150 мА*г$^{-1}$ ток тығыздығындағы анодтың 1-ден 5-ші цикліне дейін көрсетілген. 150 мА*г$^{-1}$ ток тығыздығындағы разряд пен заряд сыйымдылығы 1462 мА*сағ*г$^{-1}$ және 310 мА* сағ*г$^{-1}$ екенін 1-ші циклде көрсетті. Анодының бастапқы кулондық тиімділігі шамамен 21,2% құрайды (3.29в-сурет). Сыйымдылықтың қайтымсыз болуы электрод бетінде жаңадан пайда болған ҚЭФҚ түзілуіне және литий иондарының қайтымсыз интеркалациясына байланысты болуы мүмкін. Бірінші разряд қисығында шамамен 0,45 В аймағында үстірт байқалады, содан кейін келесі разряд қисықтарында жоғалады. Бұл құбылыс ЦВА нәтижесіне де сәйкес келеді. 20-шы және 50-ші циклдар аралығында (3.29в-сурет) және зарядтау қисықтарымен салыстырғанда, олар бір-бірімен қабаттасып, керемет циклдік тұрақтылықты көрсетеді.

ЦВА қисықтары (3.29ә-сурет) 0,01-3 В кернеу диапазонында 0,1 мВ*с$^{-1}$ сканерлеу жылдамдығымен өлшенді. Бірінші циклде электрод бетінде ҚФЭҚ түзілуін көрсететін кең қалпына келтіру шыңы анықталды. Литийдің көміртегі қабаттары мен нанопораларға (қуыстарға) қайтымды енгізілуіне сәйкес келетін 0,2 мен 1,5 В арасындағы айқын катод шыңын анықтауға болады. Бірінші циклде жоғарыда аталған катод шыңының қарқындылығы басқаларға қарағанда едәуір жоғары, бұл ҚФЭҚ түзілуіне, электролиттің ыдырауына және көміртегі материалының арнайы учаскелеріне Li^+ қайтымсыз енгізілуіне байланысты болуы мүмкін. Өнімділік сынағында таза SiO_2 және БК жақсы нәтиже көрсетті. Екі үлгі де бүкіл цикл бойы 400 мА*сағ*г$^{-1}$-ден астам сыйымдылықты сақтады.


Алынған таза SiO_2-нің электрохимиялық қасиеттерін жақсарту үшін көміртекті материалмен қапталды. Алынған (SiO_2/C) композиттің электрохимиялық қасиеттерін түсіну үшін гальваностатикалық заряд/разряд қисықтары зерттелді (3.30-сурет). 3.30 а,б-суреттерінде байқалған алғашқы циклдарда зарядтау сыйымдылығының бастапқы күрт төмендеуін электрод бетінде ҚФЭҚ-ның пайда болуымен және электролиттің ыдырауымен түсіндіруге болады. Өте жұқа SiO_2 қабырғалары белсенді материалдың үлкен пайызын литийді алуға мүмкіндік береді, осылайша айтарлықтай жоғары сыйымдылық қамтамасыз етіледі. Бірінші циклде SiO_2/C композиті 2018 мА*сағ*г$^{-1}$ жоғары разряд сыйымдылығын және 240 мА*сағ*г$^{-1}$ зарядтау сыйымдылығын көрсетеді, ал Кулон тиімділігі төмен болып, 50 мА*г$^{-1}$ ток тығыздығында 12% көрсетті. Үшінші циклден оныншы циклге дейін меншікті сыйымдылық тұрақты болып және Кулон тиімділігі шамамен 96% көтерілді және сыйымдылығы шамамен 365 мА*сағ*г$^{-1}$ мәніне ие болды. Графиттің рөлін одан әрі зерттеу үшін алынған композиттің циклдік сипаттамалары әртүрлі ток тығыздықтарында да тексерілді. Сонымен, 100 мА*г$^{-1}$ ток мәнінде батареялардың меншікті сыйымдылығы 215 мА*сағ*г$^{-1}$ дейін төмендейді, сонымен бірге 200 мА*г$^{-1}$ кезінде батареялардың меншікті сыйымдылығы 165 мА*сағ*г$^{-1}$, ал 500 мА*г$^{-1}$ кезінде меншікті сыйымдылық 88 мА*сағ*г$^{-1}$ дейін төмендеді. Айта кету керек, 40-шы циклден бастап сыйымдылық алғашқы 10 циклмен салыстырғанда күрт артты және ток тығыздығы 50 мА*г$^{-1}$ болған кезде 450 мА*сағ*г$^{-1}$ құрады. Бұндай өзгерістер басқа зерттеулерде де байқалады және

көміртекті қабықтың жақсы өткізгіштікке ие болуына және электродтың кеңеюіне/бұзылуына жол бермеуіне байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, алғашқы 2 циклдің төмендеуі цикл процесінде кремнийдің көлемдік кеңеюімен байланысты, бұл ҚФЭҚ-ның ішінара бұзылуына әкеледі. Сонымен қатар, 40-шы циклден бастап байқалған тұрақтылық кеуекті микроқұрылымдарды тиімді қайта құрылымдауға және тұрақты ҚФЭҚ-тың оңтайландыруға мүмкіндік беретін жоғары реактивация жылдамдығын көрсетеді.




а) SiO_2/C композиттің заряд/разряд қисықтары
ә) әр түрлі ток тығыздығындағы циклдар санына байланысты заряд-разряд сыйымдылығы.
б) сканерлеу жылдамдығы 0,1 мВ*$с^{-1}$ болған кезде SiO_2/C ЦВА
в) циклге дейінгі және кейінгі SiO_2/C үшін Nyquist графиктері

3.30-сурет. SiO_2/C үшін электрохимиялық сипаттамалары



Element	Wt%	At%
CK	40.57	53.71
OK	26.99	26.83
FK	4.05	3.39
SiK	28.38	16.07
Matrix	Correction	ZAF



Element	Wt%	At%
CK	32.99	44.26
OK	32.72	32.96
FK	11.67	9.89
SiK	20.79	11.93
PK	1.83	0.95
Matrix	Correction	ZAF

3.31-сурет. Циклге дейінгі және кейінгі SiO_2/C электродының элементтік талдауы

Циклге дейінгі электродтардың элементтік талдауы (3.31-сурет) кремнийдің 28.38% - ға дейін төмендегенін көрсетті. Бұл кремний оксиді көміртекті қабыққа енгізілгендіктен болып тұр. Фтордың пайда болуы ПВДФ қосумен байланысты.

Циклден кейін барлық элементтердің пайызының төмендеуі ҚФЭҚ-ның пайда болуымен және талдауға кедергі келтірумен байланысты. Фосфордың пайда болуы құрамында фосфор бар электролиттің ыдырауымен байланысты.


SiO_2/C бастапқы композиттерінің циклдік вольтамперограммасы сканерлеу жылдамдығы 0,1 мВ*$с^{-1}$ (3.30б-сурет) кезінде 3,0 В және 0,01 в арасындағы қатарынан 3 цикл ішінде жартылай ұяшық батареяларда зерттелді. Бастапқы SiO_2 электродында SiO_2 мен Li арасындағы қайтымсыз электрохимиялық реакцияларға сәйкес келетін 1,0 В-тан жоғары катодтық шыңдар бар, олар келесі циклдарда жоғалады. 0,2 В-тан төмен катод шыңын кремний литиймен қоспаланған кезде пайда болатын процесіне жатқызуға болады. Электрохимиялық теңдеулерді келесі мысал бойынша (13,14,15) көрсетуге болады [152]:

$$SiO_2+4Li+4e- \rightarrow 2Li_2O+Si \qquad (13)$$

$$2SiO_2+4Li+4e- \rightarrow Li_4SiO_4+Si \qquad (14)$$


$$5SiO_2+4Li+4e- \rightarrow 2Li_2Si_2O_5+Si \qquad (15)$$

Әлсіз шың 1,40 В-та байқалады, бұл электролит пен электрод арасындағы реакцияға және ҚФЭҚ-ның түзілуінің басталуына байланысты болуы мүмкін. Бұл екі шың да 2-ші циклде көрінбейді, бұл ҚФЭҚ түзілуі негізінен бірінші цикл кезінде болатынын және бұл бастапқы реакциялар қайтымсыз екенін көрсетеді. Батарея цикліне дейін және одан кейінгі электрохимиялық импеданс (EIS) спектроскопиясы батареяда болатын электрохимиялық реакциялардың кинетикасын егжей-тегжейлі зерттеу үшін пайдаланылды. Nyquist графиктері 3.30в-суретте көрсетілген Nyquist графиктері жоғары жиіліктерде ойықтары бар жартылай шеңберден және төмен жиіліктерде түзу сызықтан тұрады. Цикл алдында электрод пен электролит шекарасы арасындағы литий иондарының миграциясына сәйкес келетін электролит ретінде белсенді SiO_2/C және $LiPF_6$ материалы бар батарея иондарының тасымалдану кедергісі 2 кОм-дан асады. 50 циклден кейін элементтің кедергісі азаяды және 1 кОм-нан сәл асады.



3.32-сурет. а) 10 циклге дейінгі барлық материалдар үшін разряд сыйымдылығының өзгеруі, ә) әр түрлі ток тығыздығында 10 циклден 50 циклге дейінгі барлық материалдар үшін разряд сыйымдылығының өзгеруі

3.32а-суретте барлық алынған материалдарды сыйымдылық бойынша салыстыру көрсетілген, мұнда бірінші циклдегі ең үлкен разряд сыйымдылығы 50 мА*г$^{-1}$ ток тығыздығы кезінде наноөлшемді кремнийді көрсетті, ол 2700 мА*сағ*г$^{-1}$-нан асады, екінші SiO_2/C 50 мА*г$^{-1}$ ток тығыздығында - шамамен 2000 мА*сағ*г$^{-1}$ жетті, токтың тығыздығы 150 мА*г$^{-1}$ болған кезде үшінші БК-шамамен 1500 мА*сағ*г$^{-1}$ сыйымдылықты көрсетті. 2-SiO_2 және таза SiO_2 материалдары 900 және 800 мА*сағ*г$^{-1}$ сыйымдылығын 50 мА*г$^{-1}$ ток тығыздығында көрсетті. Көміртекті наноталшықтар және 1-SiO_2 шамамен 600 мА*сағ*г$^{-1}$ сыйымдылықты 100 мА*г$^{-1}$ ток тығыздығында көрсетті және шамамен 450 мА*сағ*г$^{-1}$ сыйымдылықты 300 мА*г$^{-1}$ ток тығыздығында көрсетті. 50 циклде ең тұрақты мәндер SiO_2/C материалы, таза SiO_2, БК және көміртекті наноталшықтар көрсетті. SiO_2/C басқа материалдармен салыстырғанда тиімділігі ең жоғары мәнін көрсетті.



3.33-сурет. 50 мА/г ток тығыздығы кезінде SiO_2/C үшін 50 цикл ағынының сыйымдылығының өзгеруі

SiO_2/C жасалған электрод 50 мА*г$^{-1}$ тұрақты ток тығыздығында батарея алғашқы екі циклде жоғары сыйымдылықты көрсетті. Бірінші циклде сәйкесінше разряд сыйымдылығы 1950 мА*сағ*г$^{-1}$ және заряд сыйымдылығы 742 мА*сағ*г$^{-1}$ көрсетті. Бұл қатты электролит қабатының түзілуіне байланысты үлкен сыйымдылық мәндерін көрсетті - бұл батареялардың басқа түрлерінде де байқалатын процесс. Үшінші циклде сыйымдылық 385 мА*сағ*г$^{-1}$ төмендеді. Алайда, үшінші циклден бастап сыйымдылық келесі 40 цикл ішінде біртіндеп өсті. 40 циклден кейін сыйымдылық шамамен 450 мА*сағ*г$^{-1}$ деңгейінде тұрақтанды. 30-дан 40 циклге дейінгі аралықта сыйымдылықтың күрт өзгеруі байқалады, бұл қоршаған орта температурасының өзгеруінің батареяларды сынау процесіне әсеріне байланысты.

Алынған электрохимиялық талдаулар бойынша материалдардың негізгі үш түрі анықталды. Біріншісі электрод ретінде жарамсыз, екіншісі жұмыс

жасайды бірақ сыйымдылығы төмен және үшіншісі жұмыс жасайды сыйымдылығы жоғары. Олардың заряд/разряд кезінде қалай жұмыс жасайтынын көрсету үшін олардың схема түрінде үлгісі 3.33-суретте көрсетілген.


3.7 Заряд және разряд процесі кезіндегі электрод моделі

Жартылай ұяшықтардың сипаттамалары жасалған электродтың белсенді материалына байланысты әртүрлі сыйымдылықтарды көрсетті. Егер осы процестерді схемалық түрде түсіндіретін болсақ, үш топқа бөліп қарастыруға болады. Олар 1-ші топқа жататын болып, тұрақты жұмыс істейді бірақ сыйымдылығы аз. 2-ші топқа сыйымдылығы жоғары бірақ тұрақты емес. 3-ші сыйымдылығы жоғары тұрақты жұмыс істейтін материалдар болып қарастыруға болады.

